



Ерболат ДОСАЕВ:
«ЖҮЙЕЛІ
ЖҮЗДЕСУЛЕР
ЖАЛҒАСАДЫ»

8



Жасанды интеллект:
ЖАҢА
ТЕХНОЛОГИЯЛАР
әлеуетін қоғамда
кеңінен талқылау
қажет

7




ЗАЕМНЫҢ ЗАРЫ
«Қарыз күліп келіп,
жылап қайтады...»

12

Digital Almaty–2024:

БОЛАШАҚТЫҢ ЦИФРЛЫҚ ӘЛЕМІ

Алматы өңірдің IT бесігіне айналды



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Алматының Атакент іскерлік орталығында «Digital Almaty–2024: «Х индустриясы – Болашақтың цифрлық эволюциясы» цифрлық форумы 6-шы рет өтіп жатыр. Халықаралық форум 3 ақпанға дейін жалғасады.

Биыл «Digital Almaty» VI форумы өнеркәсіптегі цифрлық трансформация, GovTech, 4.0 индустриясы, ESG, Smart City және басқа да салалардағы инновациялық шешімдерді ұсынатын ауқымды іскерлік

бағдарламаны ұсынды. Панельдік пікір-таластар шеңберінде халықаралық сарапшылар, сала көшбасшылары, IT және бизнес саласындағы жетекші инноваторлар қатарынан 200-ден аса спикер қатысып,

экономика мен инновация секторларында жаңа технологияларды қолдану жайында табысты кейстерімен бөлісуде. Үш күндік цифрлық іс-шараға 30 мыңнан астам адам қатысады деп жоспарланған.

3

Almaty

AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №9 (6460) 2 ақпан, жұма, 2024 жыл. | www.almaty-akshamy.kz



Еуразиялық үкіметаралық кеңес:

ОРТАҚ МҮДДЕ, МАҢЫЗДЫ МҮМКІНДІКТЕР

ЕЭК құзыреті қандай?



(Дереккөз: dknews.kz)

Ақпан айының алғашқы күндері Алматыда бір-бірімен үндес екі үлкен халықаралық жиынның басталуымен есте қалары сөзсіз. Бірі – «Digital Almaty – 2024: Х индустриясы цифрлық форумы», ал екіншісі – Еуразиялық үкіметаралық кеңес басқосуы.

ЕҮАК аясында ЕАЭО елдерінің үкімет басшылары сауда-саттық, көлік және логистика, цифрландыру, құжат айналымы және т.б. салалардағы ынтымақтастықтың өзекті мәселелерін талқыламақ. Сондай-ақ, ЕҮАК алаңында еліміздің Премьер-министрі Әлихан Смайылов бірқатар екіжақты кездесу өткізеді деген мәлімет бар.

Digital Almaty форумында Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей және Өзбекстанның үкімет басшылары цифрлық жобалар көрмесімен танысып, пленарлық сессияға және Digital Almaty Awards жеңімпаздарын марапаттау рәсіміне қатыспақ.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ». (Дереккөз: <https://t.me/KZgovernment>).

3

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

2.02.2024

Түнде:

-8-10 °C
Көшпелі бұлтты,
кей уақытта қар, тұман.

Күндіз:

-3-5 °C
Көшпелі бұлтты,
кей уақытта қар.

Желдің жылдамдығы:
3-8 м/с

3.02.2024

Түнде:

-11-13 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:

-1-3 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Желдің жылдамдығы:
3-8 м/с

www.almaty-akshamy.kz



ПАРЛАМЕНТ

Мәжіліс мінбері:

ДЕПУТАТТАР БЕЛСЕНДІЛІГІ ҚАНДАЙ?

Былытандан бері Мәжіліс депутаттарының белсенділігіне талдау жасап келеміз. Қыркүйектен бері әр ай сайын сараптамалық материалдарымыз шығуда. Депутаттардың жұмысын талдау барысында олар жолдаған сауалдарға баса назар аудардық. Сандық талдау болғанына қарамастан құнды қорытындылар жасадық. Мысалы, «Ақ жол» мен «ҚХП» арасындағы даудың белгілерін желтоқсан айындағы сауалдарға сараптама жасау арқылы анықтадық. Екі партия арасы әлі «суық» екен. Мұндай қорытындыға олар жолдаған сауалдарды зерттеу арқылы келдік.



басталды. Депутаттардың 18 қаңтардан сауалдарын жолдай бастағаны ойымызды дәлелдейді.

Айы	Барлығы	AMANAT	Ақ жол	ҚХП	Ауыл	Respublica	ЖСДП
Қыркүйек (2023)	66	32	10	7	6	3	3
Желтоқсан (2023)	68	29	11	6	3	0	5
Қаңтар (2024)	45	19	4	5	3	3	2

AMANAT – КӨШБАСШЫ,
«ЖСДП» – КӨШ СОҢЫНДА
Өткен жылды билеуші AMANAT партиясы белсенді өткізді. Биыл да сол қарқынды

сақтауда. 45 сауалдың басым көпшілігі аманаттықтарға тиесілі. Ұзын саны 19 сауал жолдаған. Былытанды көрсеткіштен төмен екені рас. Бірақ жаңажылдық демалыс уақытын ескеру керек.

Бұрынғы коммунистер де жаңа жылды белсенді бастады. Былытанды «ақжолдықтарға» есе жіберген еді. Енді қаңтарда ҚХП депутаттары 5 сауал жолдады. Келесі орынға «Ақ жол» партиясының депутаттары жайғасты. Олар бір айда 4 депутаттық сауал жолдаған.

Жалғыз оппозициялық партия «ЖСДП» жаңа жылды сәтсіз бастады. Депутаттар бар болғаны 2 сауал жолдаған. Ал Respublica партиясы керісінше жылды сәтті бастады. «Республикалықтар» 3 сауал жолдап үлгерген. Олар жаңа саяси маусымды нәтижесіз аяқтаған болатын.

БІРЛЕСЕ КӨТЕРГЕН ЖҮК ЖЕҢІЛ МЕ?

Халық қалаулылары депутаттық сауалдарды өз партиясы атынан ғана емес, өзге партия өкілдеріне қосылып та жібере алады. Бұл көрсеткіш бойынша қаңтарда AMANAT партиясы белсенді. Олар өзге партияның 8 сауалын қолдаған.

«Ақ жол», «ҚХП», «Ауыл» және Respublica фракцияларының әрқайсысы 4 сауалға қосылған.

Өзге партиямен бірлесіп сауал жолдау	AMANAT	Ақ жол	ҚХП	Ауыл	Respublica	ЖСДП
Қыркүйек (2023)	13	7	28	13	15	11
Желтоқсан (2023)	11	11	11	16	9	12
Қаңтар (2024)	8	4	4	4	4	5

«АҚ ЖОЛ» МЕН «ҚХП» АРАСЫ ӘЛІ «СУЫҚ»

Мәжілістегі барлық партиялар билеуші AMANAT партиясының көлеңкесі сияқты. Әлі күнге дейін олардың сауалдарына бірігу тәжірибесінен арылған жоқ.

Тағы бір мән беретін жәйт бар. Желтоқсанда «Ақ жол» мен «ҚХП» фракциялары арасында дау белгілері бар екенін жазып едік. Қаңтар айында да олардың арасы әлі «суық» екеніне көзіміз жетті. Себебі, екеуі де бір-бірінің жолдаған сауалдарын қолдамаған.

Көрсеткіш	AMANAT	Ақ жол	ҚХП	Ауыл	Respublica	ЖСДП
Қай партиямен бірлесіп жазған?	ҚХП – 3, Ақ жол – 2, Ауыл – 1, ЖСДП – 1, Res – 1	AMANAT – 4	AMANAT – 2, Res – 1, Ауыл – 1	AMANAT – 2, ҚХП – 1, ЖСДП – 1	AMANAT – 3, Ақ жол – 1, ҚХП – 1	ҚХП – 2, Ақ жол – 2, Res – 1

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



САЯСАТ

Саяси ойын алаңы:

ОРТА ШЫҒЫСТАҒЫ ТАРТЫС

Аймақтағы белсенділік өзара жанжалға жол ашуы мүмкін

Орта Шығыс ұдайы қақтығыс орталығы болып келсе де, бірер жыл бұрын тұрақтылыққа бет алғандай көрінген. Солай ойлауға негіз көп еді. Өздерін «Ислам мемлекеті» атаған террорлық топқа қарсы біріккен коалиция қарулы операцияларын аяқтады. Ирак пен Сирия жеріне бекінген террорлық ұйымның соңғы бекіністері талқандалды, жетекшілерінің көзі жойылды. Осыдан кейін АҚШ аймақтағы әскерлерінің санын қысқартты. Ирактан, Сириядан, тіпті Ауғанстаннан әскерін кері шығарып жатты. Оның сыртында ұзақ уақыт жауласып келген Израиль мен бірқатар араб елдері татулыққа бет бұрды. Бұндай жағдай Иран мен араб елдері арасында да байқалды. Өуе қатынасы ашылып, дипломатиялық алмасулар жиіледі. Алайда, бұның бәрі аймақтың баянды тыныштығы болмай шықты. Қоздап жатқан ескі ошақтардан қайта жалын қаулады. Бітпес дау, толассыз қантөгіске қайта кірді.

Қазір аймақтағы болып жатқан оқиғалардың жиілігі жоғары. Сәл назарың тайса болды, қым-қуыт іздерден көз жазып қалатындай. Сондықтан соңғы оқиғалардың бірі ретінде Орта Шығысқа қайта бір тереңдей назар салып, ондағы тартыстардың тамырын басып көрмекпіз. Себебі, бір-біріне байланысты әлемдік үрдістердің бізге де тигізетін тіке және жанама әсерлері бар.

ҚАҚТЫҒЫС АУА ЖАЙЫЛЫП БАРАДЫ

Израиль мен ХАМАС-тың соғысы бұрк ете қалғанда көптеген сарапшылар қақтығыстың аймаққа жайылып кетуіне алаңдаған. Себебі, оның салдары ауыр. Енді міне, сол қауіп барған сайын үдей түскендей. Өуе баста ХАМАС-ты жақыннан қолдаушы ретінде Хезболла көрінген. Шекарасы жақын, әрі Батысқа ашық қарсылық танытқан ықпалды ұйым қай тұстан соққы ұрады деп күтілді. Алайда, Хезболладан гөрі Йемендегі Хуситтер жылдам және нақты әрекетпен кірісті. Олар ХАМАС-ты қолдайтынын білдіріп, Қызыл теңізден өтетін сауда кемелеріне қарсы ша-

буыл бастады. Бұл аймақтағы жағдайды жаңа деңгейге көтерген оқиға болды.

Осы арада АҚШ пен Британия бастаған елдер үшін мәселеге араласпауға жол қалмай қалды. Қызыл теңізді қорғауға жөнелтілген теңіз күштері қазір Хуситтерге тиесілі дрондар мен ұшақтарға, зымырандарға «аңшылық» жасап жүр. АҚШ бастаған бұл коалиция күштеріне 10 ел қолдау көрсеткен. Британия да Қызыл теңіздегі сауда жолын қорғауға әскери теңіз күштерін жұмсап отыр. Америкалық екі соғыс кемесі Жерорта теңізінде тұрып, ұдайы соғыс ұшақтарын, зымырандарын және тікұшақтарын пайдаланып, Араб түбегі мен Африка құрлығы арасындағы тар теңіз жолын күзетуде.

Жұрт назары Баб әл-Мандаб бұғазы мен Суэц каналы арасында тұрғанда күтпеген жерден Йорданияда тағы бір оқиға болды. Ондағы АҚШ-тың әскери базасына шабуыл жасалып, 3 америкалық жауынгер қаза тапты. Ақ үй бірден жауап қатып, қатал әрі пәрменді әскери жауап болатынын айтты. Сөздің ұшы Иранға бағытталды.

Тегран бұл айыптауды «саяси мақсаттағы жала жабу» деп сипаттады. Егер бұны сылтауратып АҚШ тарапынан Иран жеріне қандай да бір соққы болса, Тегран оған қарсы барлық мүмкіндігін пайдаланады деп кері ескерту берді. Йордан жеріндегі АҚШ базасына шабуыл 30 қаңтарға қараған түні жасалды. Көптеген сарапшылар АҚШ-тың жауабы 48 сағат ішінде жасалуы мүмкін делінген. Алайда, біз осы сараптаманы дайындап болғанға дейін Құрама Штат тарапынан Иранға немесе оның қолдауындағы өзге күштерге бағытталған шабуыл мәліметі шықпады.

ӘЛЕМДІК ЭКОНОМИКА МЕН САУДАҒА ДҮМПУ АЛЫП КЕЛДІ

АҚШ пен Британ кемелері неге Қызыл теңізді қорғауда белсенділік танытты? Себебі, аталмыш су жолы халықаралық сауданың маңызды күре тамыры. Азия мен Еуропа арасындағы ең қысқа су тасымал жолы. Халықаралық сауда тасымалының 12–15 пайызы Қызыл теңізден өтеді, жылына 1 триллион АҚШ доллары көлеміндегі тауар өтіп тұрған су жолы. Егер бұл су жолы жабылып, Азия мен Еуропа арасындағы тауар айналымы Африка құрлығын айналып өтетін болса, зат жеткізу он күнге ұзарады және кез келген тауар бағасы 4 пайыз қымбаттай түседі. Өйткені, әлемдегі ірі тасымал компанияларының қорғаныс шығындары мен жол шығындары көбейеді. Бұл біртіндеп тұтас дүниежүзілік нарықтағы тауар бағасына әсер етеді.

Қызыл теңіздегі Хуситтердің әрекетіне жауап қайтармау деген сөз, әлемдегі осы маңызды су жолын Иранның бақылауына берумен тең. Бұндай шегініске АҚШ пен

Британия секілді ірі державалар қалайда барғысы келмейді. Оның үстіне Суэц каналы мен Қызыл теңіздегі сауда ағыны Батыс елдерінің энергияға деген тәуелділігіне де қатысты.

Тауар бағасы өсіп, энергия қымбаттаған жағдайда, Украина мен Израильге қолдау көрсету НАТО, ЕО және АҚШ үшін күрделі мәселеге айналады. Бұл тұрғыда Қызыл теңіздегі тұрақсыздық Иран мен Ресейге тиімді көрінеді. Ал Қытай үшін Қызыл теңіз қос жүзді қанжар сынды. Батыстағы өзінің стратегиялық қарсыластарының әбгерге түсуі стратегиялық жақтан тиімді, алайда импорт-экспорттың буыла бастауы экономика үшін тиімсіз. Сондықтан Бейжің қазір істің соңын бағуда. Сауда жолы мүлде тосылса, онда Иран мен хуситтерге Бейжің өз ықпалы арқылы «қысым» жасауы мүмкін.

ЖАНЖАЛ ҚАУШ КҮШЕЮДЕ

Йорданиядағы әскери базаға шабуылды кейбір бақылаушылар АҚШ-Иран арасындағы тікелей қақтығысқа жол ашады деп те болжаған. Алайда, жалпы жағдайдан қарағанда бұның қисыны азырақ. Себебі, қақтығыс ауқымы кеңейіп, тікелей әлемдік және аймақтық державалар соғысқа араласса, бұл жағдайдың бақылаудан шығып кетуі мүмкін. Оның салдары тіптен ауыр. Қазіргі күйде соғысқа тіке араласу АҚШ пен Иранның мүддесіне бірдей сай келмейді. Сондықтан АҚШ үде еткен пәрменді жауап Иран қолдауындағы ықпалды күштерге қарата жасалуы мүмкін.

Анықтап қарасақ, қазір Орта Шығыста Иран қолдауына сүйенген қарулы топтар аса белсенді. Хуситтер де, Хезболла ұйымы да,

тіпті ХАМАС та Иранның түрлі деңгейдегі қолдауын көреді. Бұл күштердің белсенділікке шығуынан және қазіргі оқиғалардың тізбегінен терең бір жайтты көре аламыз. Біріншіден, аймақтағы Батыстық ойыншылар қалайда Иранның соғыс бағпағына қарай тартуға тырысуда. ХАМАС-қа бағытталған рақымсыз шабуылдар, Хуситтерге жасалған пәрменді қайтарма соққылар түптің түбінде Иран қолдауындағы барлық топтардың аймақтағы белсенділігін оятады. Турасын айтқанда, белсенді болмасқа шарасыз жағдай туғызады. Бұның бәрі Иранның қаласа да, қаламаса да өз мүддесін сақтап қалу үшін соғыс шығындарына тартыла түсуге итермелейді.

Екіншіден, Иран қолдаған күштердің көбі исламның шиттік бағыты. Шит күштерінің аймақтағы белсенділігі «Ислам мемлекеті» секілді бұғып қалған өзге күштерге түрткі болады. Бұл түптің түбінде аймақ суниттік және шиттік ұстанымдағы мұсыландар арасындағы өзара жанжалға жол ашады. Сыртқы ойыншылар үшін бұл әлемнің өзге аймақтарындағы мәселелерді (Украина, Тайвань) өз пайдасына шешуге орай тудырады. Әрі аймақтағы өз мүддесін жүзеге асыратын мүмкіндіктер жасап береді. Осылайша Орта Шығыс әлі де әлемдегі басты ойын алаңы болып қала бермек.

Естай
БОЖАН,
сарапшы.





Еуразиялық үкіметаралық кеңес:

ОРТАҚ МҮДДЕ, МАҢЫЗДЫ МҮМКІНДІКТЕР

Алматы қаласында 1-2 ақпанда Еуразиялық үкіметаралық кеңестің отырысы өтуде. Ресми шараға Қазақстан, Армения, Беларусь, Қырғызстан, Ресей үкіметтері басшылары және Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының төрағасы қатысты. Биылғы ЕҮК отырысы Қазақстан үшін маңызды. Себебі, Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының төрағасы қызметіне тәжірибелі саясаткер Бақытжан Сағынтаев кірісті.

ЭЛЕКТРОНДЫ САУДАҒА
МӘН БЕРІЛМЕК

Алматыда Еуразиялық үкіметаралық кеңестің отырысы өтуде. Ресми шараға қатысушылар – еліміздің Премьер-министрі Әлихан Смайылов, Арменияның Премьер-министрі Никола Пашинян, Беларусь Республикасының Премьер-министрі Роман Головченко, Қырғыз Республикасының Министрлер кабинетінің төрағасы Ақылбек Жапаров, Ресейдің Премьер-министрі Михаил Мишустин және Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының төрағасы Бақытжан Сағынтаев.

Биыл 1 қаңтардан бастап бір жыл бойы Армения ЕАЭО төрағасы қызметін атқаруда. Соған сәйкес Жоғарғы Еуразиялық экономикалық кеңес, Еуразиялық үкіметаралық кеңес және Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінде төрағалық етеді.

Отырыста ЕАЭО-ның интеграцияланған ақпараттық жүйесін да-

мыту, электронды сауданы күшейту және одаққа мүше мемлекеттер арасында теміржол байланысын нығайту мәселелері талқыланды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 25 желтоқсанда өткен Жоғарғы Еуразиялық экономикалық кеңестің отырысында сөйлеген сөзінде осы мәселелерге ерекше тоқталған болатын.

ТӘЖІРИБЕЛІ БАСШЫ
КЕЛДІ

Биыл 1 ақпаннан бастап Бақытжан Сағынтаев Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының төрағасы қызметіне ресми түрде кірісті. Алдағы 4 жылда жауапты қызметті атқармақ. Бұл шешімді былтыр одаққа мүше мемлекет басшылары қабылдаған еді. 25 желтоқсанда Санкт-Петербурда өткен Жоғарғы Еуразиялық экономикалық кеңес отырысында 5 мемлекеттің басшылары Бақытжан Сағынтаевты осы жауапты қызметке лайықты тұлға деп шешті.

Бақытжан Әбдірұлының бұл қызметке отыруының алғышарттары 2022 жылдан белгілі болған. 2022 жылдың 1 маусымынан бастап Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының мүшесі болды. Бір жарым жылдай жұмыс тәжірибесі бар. Құрылымның ішкі мәселелерінен хабардар. Қала берді, Еуразиялық экономикалық одақтың құрылуына атсалысқан саясаткерлердің бірі. Одақ 2015 жылдан бері ЕАЭО форматында жұмыс істеп келеді. Дәл сол жылдары Б.Сағынтаев ҚР Премьер-министрдің бірінші орынбасары қызметін атқарған болатын. 2013–2016 жылдары бірінші орынбасар, кейін 2019 жылға дейін Премьер-министр қызметін атқарған.

Бұдан бөлек, қызметтік бэкграунды осы орынға лайықты. Экономикалық ғылым кандидаты. 2004–2007 жылдары Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің төрағасы қызметін атқарды. 2012 жылы Экономикалық даму және сауда министрі болды. Яғни тек теориялық қана емес, тәжірибелік біліктілігі бар. Бұл тәжірибе ұлттық мүддемізді қорғауға мол мүмкіндік берері сөзсіз.

ЕАЭО-НЫҢ ТҰРАҚТЫ
ӘРЕКЕТ ЕТЕТІН
РЕТТЕУШІ ОРГАНЫ

Еуразиялық экономикалық комиссия – ЕАЭО-ның тұрақты әрекет ететін реттеуші органы. 2012 жылғы



2 ақпаннан бастап әрекет ете бастады. Құрылымның мақсаты – одақтың әрекет етуінің және дамуының шарттарын қамтамасыз ету және одан әрі интеграция саласындағы ұсыныстарды әзірлеу.

Комиссияның басты ерекшелігі барлық шешім алқа мүшелерінің дауыс беруі арқылы қабылданады. Тепе-теңдік және тежемелілікті сақтау мақсатында әр мүше мемлекеттен 2 алқа мүшесі жұмыс істейді. Яғни алқалы органда 10 мүше бар.

Еуразиялық экономикалық комиссияның қызметіндегі негізгі бағыттар келесідей:

- кеден баждарын есепке жатқызу және үлестіру;
- үшінші елдерге қатысты сауда режимдерін орнату;
- сыртқы және өзара сауданың статистикасы;
- макроэкономикалық саясат;
- бәсекелестік саясат;
- өнеркәсіптік және ауыл шаруашылығы субсидиялары;
- энергетикалық саясат;
- табиғи монополиялар және т.б.

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФОРУМ

Digital Almaty–2024:

БОЛАШАҚТЫҢ ЦИФРЛЫҚ ӘЛЕМІ

Алматы өңірдің IT бесігіне айналды



Досбол
АТАЖАН

(Басы 1-бетте)

Жаңа ережелерге бейімделе
білгендер жеңіске жетеді

Форумның салтанатты ашылуында ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин құттықтау сөз сөйледі.

– Биылғы форумның тақырыбы – «Өнеркәсіп саласын цифрландыру». Жаңа технологиялардың қарқынды дамуы өнеркәсіп ландшафтын түбейгейлі өзгертуде. Цифрландыру экономиканың түрлі салаларында қолданып келеді, ол: машина жасау, пайдалы қазбаларды алу және т.б. Осындай уақытта жаңа ережелерге бейімделе білгендер жеңіске жетеді. Дәл осындай форумды өткізуге неге Алматы қаласын таңдадық? Себебі, Алматы өңірдің IT бесігіне айналды. «Digital Almaty» сынды форумдардың өтуі жоғары білікті мамандардың көбейіп, халықаралық компаниялардың келуіне әсер етеді. «Digital Almaty» алаңында алғаш рет Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының цифрлық форумы өткелі отыр. Бұл жиын ұйымға мүше мемлекеттердің арасындағы ынтымақтастықты күшейтеді, – деді ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин.

Цифрлық форум аясында «Industry 4.0 Startup Battle» атты үздік өнеркәсіптік стартапты анықтайтын ауқымды сайыс, IT-экожүйе саласындағы жобалар туралы тәжірибе, ақпараттарды бөлісетін, отандық ірі жер қойнауын пайдаланушылардың, технопарк-



Суретті түсірген Kaiрат ҚОНЫСБАЕВ.

тердің, технологиялық компаниялардың көрмесі жоспарланған.

«Қазақстанның жасанды
интеллект әлеміне өз шешімімен
кіргенін қалаймыз»

Бағдат Мусин форум аясында өткен панельдік сессия кезінде электронды үкіметті енгізу көрсеткіштері жылдан-жылға артып келе жатқанын, жасанды интеллектің электронды үкімет жүйесіне енгізу жұмыстары басталып кеткенін мәлімдеді.

– БҰҰ рейтингі бойынша Қазақстан бүгінгі өзінде онлайн қызмет көрсетуден 8-орында тұр. Ал жалпы цифрлық даму деңгейі бойынша 28-орындамыз. Бүгінгі мемлекеттік қызметтің 93%-ы электронды түрде көрсетіледі, 50 млн анықтама мүлдем алынып тасталды. Себебі, біз ақпараттық жүйелерді

біріктіріп, мемлекеттік мекемелерге анықтама сұрауға тыйым салдық.

Біз биыл жасанды интеллекті Egov жүйесіне кіріктіру жұмыстарын бастадық. Азаматтардың нұсқаулықты үйренумен уақыт құртпай, әңгімелесу форматында мемлекеттік қызметтерді ала алғанын қалаймыз. Egov AI – ары қарай дамудың қадамы. Тұрғындарымыз, кәсіпкерлер мен шетелдік компаниялар мемлекеттік құрылымдардан барлық қажеттілігін ChatGPT форматында ала алатындай деңгейге жетуді мақсат тұтамыз. Қазірдің өзінде Nazarbaev университетімен бірге ChatGPT-дың қазақстандық баламасын жасауға кірістік. Бірақ бұл өзгелердің дайын жобасын қайта жасап шығуға болмайды. Біз Қазақстанның жасанды интеллект әлеміне өз шешімімен кіргенін қалаймыз, – деді министр.

Кәсіпорын мен қоғамға қажетті
ақылды құрылғылар
таныстырылды

«Digital Almaty–2024» форумында кәсіпорын мен қоғамға қажетті ақылды құрылғылар таныстырылды. Сондай құрылғының бірі – ақылды каска. Оны жасап шығаруға 5 жылдан астам уақыт кеткен.

– Біз өндіріс орындарына аса қажетті ақылды каска құрастырдық. Ол арқылы құрылыс, апат кезінде жұмысшының қайда екенін біліп, көре аламыз. Каскаға GPS құрылғысы қосылған. Осы арқылы адамның орналасқан жері белгілі болады. Оған қоса, каскаға камера жалғанған. Бұл арқылы жұмысшының айналасын көруге болады. Бұдан бөлек, басқа адамдардың қорғаныш құрылғысын, касканы кимегенін көрсетіп, дабыл қағады. Қиын жағдайға тап болған жұмысшы дыбыстық хабарлама жіберіп, өзінің жағдайын баяндауға мүмкіндік бар. Біздің компания Алматы қаласында орналасқан, – деді құрастырушы Шлиомензон Яков.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Григорий ЛОГВИНОВ,
ШЫҰ Бас хатшысының
орынбасары:

БІРҚАТАР
ЖЕТІСТІКТЕРГЕ ЖЕТТІК

Цифрлық даму бағытындағы жұмыстар Ұйым ішінде белсенді түрде жүргізіліп келеді. Нақты айтқанда, 17 жыл ішінде бірқатар жетістіктерге жеттік. Тәжірибе алмасуға арналған форумдар, көрмелер өтті, ұйымға мүше елдердің арасында цифрлық даму деңгейі бірішама теңесті. Осы тұста Қазақстанның цифрлық даму бағытындағы жетістіктерін ерекше атап өткен жөн.

«Digital Almaty–2024» форумы ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі, ҚР Сыртқы істер министрлігі, Алматы қаласының әкімдігі және «Инновациялық технологиялар паркі» дербес кластерлік қорының (Tech Garden) ұйымдастыруымен өткізіліп отыр.



СЕНАТ



Балалардың қауіпсіздігі мен құқығын қорғау:

ЗАҢНАМА ЖЕТІЛДІРЕДІ

Сенаторлар балалардың қауіпсіздігі мен құқығын қорғау мәселесін талқылады. Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің депутаттары кеңейтілген отырыста «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне білім беру, тәлімгерлік және балалардың қауіпсіздігі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңды талқылады.

Сенаттың баспасөз қызметі хабарлағандай, бұл Құжат білім беру және жетім балалардың құқығын қорғау саласындағы заңнаманы жетілдіруге бағытталған.

Заң мектептерде ұялы телефондарды пайдалану қағидаларын бекітуді, балабақшаға орын берудің бірыңғай кезегін камтамасыз етуді, тәлімгерлік институтын реттеу жөніндегі нормаларды, сондай-ақ білім беру ұйымдарында зорлық-зомбылықты насихаттайтын және суицидке итермелейтін ақпараттың таралуына жол бермеу жөнінде шаралар қабылдауды көздейді. Сонымен қатар, балалар қауіпсіздігін камтамасыз ету мақсатында балалардың терезені ашуына

кедергі келтіретін арнайы тетіктерді міндетті түрде орнату жөнінде заңнамалық талаптар белгіленеді, сондай-ақ мектеп, балабақша мен ауруханалар құрылысын ескермей, көпқабатты тұрғын үй салуға тыйым салынады.

Сенаторлардың айтуынша, заңның қабылдануы білім беруді реттеудің ұлттық жүйесінің тиімділігін одан әрі күшейтуге және білім беру ұйымдарындағы жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға жеке қолдау көрсетуге ықпал ететін болады. Комитет мүшелері талқылау қорытындысы бойынша заңды Палата отырысында қарауға жіберу туралы шешім қабылдады.

ҮКІМЕТ

ШОБ-ты қолдау және дамыту:

БИЗНЕС-ЖОБАЛАР

мемлекеттік қолдау алады

Премьер-министр Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында шағын және орта бизнесті одан әрі қолдау мәселелері талқыланды.



бері 4% ставкамен бөлшек салық режимі енгізілді. Еңбекақы төлеу қорынан бірыңғай төлем енгізілгеннен бастап микро және шағын бизнеске жалпы қаржылық жүктеме 34,5%-дан 20%-ға дейін төмендеді.

Салық салудың сервистік моделі

Үкімет басшысы ШОБ-тың әрі қарай

дамуы үшін салық салудың сервистік моделіне көшуді камтамасыз ету қажет екенін атап өтті. Онда бизнеске қолдау көрсетуге көбірек назар аударылады. Ұлттық экономика министрлігіне қосылған құн салығын қайтару мерзімін қысқарту үшін оны әкімшілендіру тәсілдерін қайта қарау тапсырылды.

«Сондай-ақ, өңдеу өнеркәсібіндегі жаңа жобаларға серпін беру үшін нормаларды нысқатауды жеделдетіп, кейбір салықтардан 3 жыл босата тұру қажет. Салықтардың санын 20%-ға, ал салық жөнінде есеп беру нысандарын 30%-ға қысқарту керек», – деді Әлихан Смайылов.

Премьер-министрдің айтуынша, жүйе құраушы ірі кәсіпорындардың айналасында отандық кәсіпкерліктің жұмыс істеуі үшін жағдай жасалуы тиіс. Жаңа өндірістерді локализациялауға және оларды ашуға ықпал ететін оффтейк-келісім-шарттарды белсендірек пайдаланған жөн.

Өз кезегінде, офсеттік шарттарды қолдану технологиялар трансфертіне және қосымша инвестиция тартуға ықпал етпек.

жұмыс жүргізілуде. Қабылданған шаралардың нәтижесінде шағын және орта бизнестің жалпы ішкі өніміндегі үлесі 36,5%-ға дейін өсті.

Ал 2030 жылға қарай бұл көрсеткіш 40%-ға дейін өсуі керек. «Осы мақсатқа жету үшін қазірдің өзінде кәсіпкерлік қызметте жаңа реттеуші саясат енгізілуде. Жүргізіліп жатқан «таза парақтан» реформасы бизнесті белсендіру жолында ынталандырушы шаралардың тиімділігін арттырады. Бүгінгі таңда 9 мың артық талап алып тасталды. Қалған 1 мыңға жуығы бизнесті жүргізу жөніндегі заң жобасы шеңберінде алынып тасталады», – деді Әлихан Смайылов.

Биылдан бастап бақылау мен қадағалау салаларында тәуекелдерді басқарудың автоматтандырылған жүйесі іске қосылған. Оның нәтижесінде бизнесті жоспарлы тексеру мен кәсіпкерлерді жауапқа тарту жағдайлары біршама қысқарады. Бұдан бөлек, салықтық ынталандыру аясында былтырдан

Кәсіпкерлік қызмет:

жаңа реттеуші саясат

Отандық кәсіпкерлерді қолдау мақсатында елімізде ауқымды

Жаңа Тұжырымдама жобасы:

ЕЛІМІЗДІҢ СУ ҚАУІПСІЗДІГІ

толық қамтамасыз етіледі

Үкіметте жаңа шаралар бекітілді. Су ресурстарын басқару жүйесін дамытудың 2024–2030 жылдарға арналған тұжырымдамасының жобасы қабылданды.

Қазақстанда 20 жаңа су қоймасы салынады

Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітовтің айтуынша, құжат саладағы қазіргі ахуалды және үздік халықаралық тәжірибені ескере отырып әзірленген.

• Еліміздің су қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін 20 жаңа су қоймасын салу және 15 жұмыс істеп тұрған су қоймасын реконструкциялау, сондай-ақ 14 мың шақырымнан астам ирригациялық каналдар мен гидротехникалық құрылыстарды жаңғырту көзделіп отыр.

Тасымалдау кезіндегі судың өнімсіз шығынын 50-ден 25%-ға дейін төмендету, ал қолда бар су ресурстарын 2,4 текше км-ге

ұлғайту жоспарланып отыр. Жалпы жоспарланған тәсілдерді іске асыру 2030 жылға қарай суармалы жерлердің аумағын 2,5 млн га-ға дейін жеткізуге мүмкіндік береді.

Фермерлерді су үнемдеу технологияларын қолдануға ынталандыру үшін суару жүйелерін құруға, сондай-ақ тамшылатып және жаңбырлатып суару жабдықтарын сатып алуға арналған шығындарды субсидиялау үлесі 50%-дан 80%-ға дейін ұлғайтылатын болады. Осының арқасында су үнемдеу технологиялары қолданылатын суармалы жерлердің ауданы 1,3 млн га-ға дейін өседі, шамамен 2,1 текше км су үнемделеді, сондай-ақ ауыл шаруашылығы өнімінің өнімділігі айтарлықтай артады деп күтілуде.

Бүгінгі таңда hydro.gov.kz цифрлық платформасын құру жұмыстары аяқталуда, онда су объектілері, гидротехникалық құрылыстар, су шаруашылығы бассейндері мен учаскелері, гидростанттар және т.б. жинақталған бірыңғай Су кадастры қалыптастырылатын болады. Оны биылғы III тоқсанда өнеркәсіптік пайдалануға беру жоспарланып отыр. Сонымен қатар, министр Тұжырымдамада 3,5 мың шақырымнан астам су арналарын цифрландыру және суару жүйелерінің есебін автоматтандыру көзделгенін айтты.

Мониторинг жүргізу мен болжаудың нақты жүйесі жолға қойылады

Премьер-министрдің айтуынша, суды

тиімді пайдалану – аса маңызды міндеттердің бірі, сол үшін ұсынылып отырған Тұжырымдама осы бағыттағы негізгі бағдарламалық құжат болады.

«Оны іске асыру су ресурстарына мониторинг жүргізу мен болжаудың нақты жүйесін жасауға қоюға ықпал етеді. Бұл жүйе су қауіпсіздігін қамтамасыз ету тұрғысынан өте қажет. Тұжырымдаманың маңызды бағыты – су шаруашылығына қажетті инфрақұрылымды салу және реконструкциялау. Көп жылдар бойы оларды күтіп ұстауға тиісті көңіл бөлінбей келді», – деді Әлихан Смайылов.

Үкімет басшысы атап өткендей, мәселен, Орталық Қазақстан мен Астананың басты су арнасы – Қаныш Сәтбаев атындағы каналда сорғы станциялары жұмысының тиімділігі небәрі 30%. Ал Үлкен Алматы каналына пайдалануға берілген кезден бастап 40 жыл бойы жөндеу жүргізілмеген екен.

Одан бөлек, Түркістан, Қызылорда, Жамбыл облыстарында магистральдық және шаруашылық аралық арналардың көпшілігі тозған – нәтижесінде 40% су ысырап болуда.

Су үнемдеуді ынталандыру – маңызды бағдар

Тұжырымдаманың тағы бір маңызды бағыты – су үнемдеуді ынталандыру. «Су тапшылығында және суды тұтынудың артуы кезінде, ең алдымен, су шығынын азайту мен оны ұқыпты пайдалану өте маңызды. Біз қазір фермерлерге су беру құнын

субсидиялап отырымыз. Сондай-ақ, су үнемдеу технологияларын сатып алуға жұмсалған шығынның 50%-ын өтейміз. Биыл бұл межені 80%-ға дейін көтеру жоспарлануда», – деген Әлихан Смайылов елімізде су үнемдеу жүйелерін енгізу қарқыны төмен деңгейде қалып отырғанын айтты. Технологиялар құны қымбат болғандықтан, оған диқандардың көпшілігінің шамасы жетпейді. Сондықтан қажетті технологияларды өзімізде шығаруды қолға алсақ ұтарымыз көп. Жалпы су ресурстарын пайдалану саласындағы ғылыми зерттеулер жүйесін жолға қою керек. Атап айтқанда, Ертіс өзенінің ресурсын аумақтар арасында қайта бөлуді қарастырудың маңызы зор.

Келесі кезекте – трансшекаралық суды пайдалану мәселелерін шешу міндеті тұр. Әлихан Смайылов көрші мемлекеттермен осындай келісімдерді әзірлеу аясында келіссөздер процестерін күшейту үшін маңызды аргументтер қалыптастыру жағына мән берілуі тиіс екенін атап өтті.

«Жалпы Тұжырымдамада жоспарланған барлық іс-шараны сапалы іске асырып, оған жауапкершілікпен қарау еліміздегі су ресурстарын басқарудың тиімділігін арттыруға ықпал етеді. Сондықтан Су ресурстары және ирригация министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен және өңір әкімдіктерімен бірге оны тиімді іске асыруды қамтамасыз етуі қажет», – деді Премьер-министр.

Ел өңірлері әкімдіктеріне 1 айлық мерзімде коммуналдық суару мен жеке суару жүйелерін қалпына келтіру және оларды цифрландыру бойынша жол карталарын қабылдауды, сондай-ақ коммуналдық гидротехникалық құрылыстарды жан-жақты тексеру тапсырылды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөздер: senate.parlam.kz;
primeminister.kz).



● БӘРЕКЕЛДІ!

ҚУЫРШАҚ ТЕАТРЫ
ЖАҒАРДЫ

Алматыда Мемлекеттік қуыршақ театрына он жылда алғаш рет жаңарту мен жөндеу жұмыстары жүргізілді. Театрдың сахна кеңістігі, көрермендер залы, грим бөлмелері, гардеробы жөнделіп, есіктері мен едені ауыстырылды. Сапалы дауыс пен жарықты қамтамасыз ететін соңғы үлгідегі заманауи сахна жабдықтары сатып алынды.

Нұржамал
ӘЛШЕВА

Қазір театр ұжымы бірнеше премьера дайындап жатыр. Шарль Перро ертегісі негізінде «Етіктегі мысық», Гогольдың «Шинель» және Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» повестері бойынша жаңа спектакльдер қойылады.

Айта кетейік, Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев 2022 жылдың шілде айында қаладағы мәдени нысандарды аралау барысында Мемлекеттік қуыршақ театрын жаңарту және жөндеу, сонымен қатар, театр аумағын абаттандыру бойынша тапсырмалар берген болатын.

Алматы қаласы Мәдениет басқармасының басшысы Ғани Майлыбаев театрды жаңарту көрермендер үшін де, қызметкерлер үшін де қолайлы жағдай туғызатынын атап өтті.

Келесі жылы аталған театрдың құрылғанына 90 жыл толады. Жыл сайын 80 мыңнан астам көрерменді қабылдайтын өнер ордасы бүлдіршіндердің де, ересектердің де сүйіспеншілігіне бөленіп келеді.

Өнер ордасының биылға арналған қойылымдарының кестесі көп ұзамай театрдың сайтында және Instagram-дағы @kuyrshak_teatru ресми парақшасында жарияланады.

● ӘКІМ ТАПСЫРМАСЫ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев сала мамандарының қатысуымен жұмыс кеңесін өткізді. Жиында 2023–2024 жылдардағы жылыту маусымының барысы қаралды. Шаһар басшысы сала мамандарына тұрғындарды үздіксіз және тұрақты жылумен қамту мәселесін ерекше бақылауда ұстауды тапсырды.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Энергетика және сумен жабдықтау, коммуналдық инфрақұрылымды дамыту, білім басқармаларының басшылары, сондай-ақ «Алматы жылу желілері» ЖШС, «АлматыЖылуКоммунЭнерго» ЖШС, «Алматы Су» МКК, «Алматы электр станциялары» АҚ, «Алатау Жарық компаниясы» АҚ және «ҚазТрансГазАймақ» АҚ басшылары жылыту маусымының ағымдағы өтуі туралы баяндады. Алматыны жылумен жабдықтау ЖЭО-1,2, «АлЭС» АҚ БЖК (65%) және «АТКЭ» ЖШС-нің 84 жергілікті қазандығы (35%) есебінен қамтамасыз етіледі.

Бүгінгі таңда қалада барлық әлеуметтік нысандар мен көпкөпесті тұрғын үйлер (КТҮ – 8863, білім беру объектілері – 404, денсаулық сақтау объектілері – 128) үздіксіз жылумен қамтамасыз етілген. Жылу көздерінде

және жылу желілерінде температуралық режим бекітілген кестеге сәйкес сақталады. Әкімге жылу беру маусымы кезінде қала қызметтерінің жоғары дайындық режимінде жұмыс істейтіні баяндалды. Штаттан тыс жағдайларды уақытылы жою үшін барлық қажетті құрылғылармен жабдықталған апатты жою бригадалары жұмыс істейді. Бұл іске барлығы 400-ге жуық адам, 100-ден астам арнайы техника жұмылдырылған.

Мегаполис басшысы инфрақұрылымның тозуын азайтуға бағытталған инвестициялық бағдарламаны іске асыруға баса назар аударды. Алматы қаласы бойынша жылу желілерінің жалпы тозуы 59,2%-ды құрады, 2023 жылы жүргізілген шаралар жоспарланған 0,6% орнына тозуды 1,3%-ға қысқартуға мүмкіндік берді. Осылайша

ағымдағы жылдың басында 25 жылдан астам уақыт пайдаланылып, тозған желілердің ұзындығы 802,6 км немесе желілердің барлық ұзындығының 57,9%-ын құрайды.

Ағымдағы жылы жалпы ұзындығы 20 км жылу желілерін реконструкциялау бойынша жұмыстар жүргізу жоспарлануда, бұл жылу желілерінің тозуын 1,8%-ға төмендетуге мүмкіндік береді.

Кеңестің қорытындысы бойынша қала әкімі Ерболат Досаев жылу беру маусымын тұрақты әрі үздіксіз өткізу қала үшін стратегиялық маңызды міндет екенін атап өтті. Жылыту маусымы әлі жалғасуда, сондықтан қалалық қызметтерге қала тұрғындарын тұрақты және үздіксіз жылумен қамтамасыз ету мәселесін бақылауда ұстау тапсырылды.

ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫ
штаттық режимде өтіп жатыр

Суретті түсірген Сауат ҚУСАЙНОВ.

● ДҮНИЕЖҮЗІЛІК САЙЛАУ КҮНІ

ЖАС САЙЛАУШЫЛАР ЖАРЫСЫ

Жыл сайын ақпан айының бірінші бейсенбісінде дүние жүзі бойынша сайлау органдарының кәсіби мерекесі ретінде құрылған Дүниежүзілік сайлау күні атап өтіледі. Биыл ол 1 ақпанда тойланды.

Досбол
АТАЖАН

Дүниежүзілік сайлау күні қарсаңында Алматы қаласының аумақтық сайлау комиссиясы «Мектептегі өзін-өзі басқарудың үздік сайлау жүйесі» қалалық байқауын өткізді. Аталмыш конкурс алматылық мектеп оқушылары арасында Қазақстан Республикасының сайлау заңнамасы мен сайлау жүйесінің ерекшеліктері туралы құқықтық сауаттылығы мен хабардарлығын арттыру, болашақ сайлаушылардың демократиялық құндылықтарды қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылды.

Байқау 2 кезеңде өткізілді: 1–26 қаңтар аралығында аудандық, ал 1 ақпан күні Наурызбай ауданының «Алем» оқушылардың инновациялық шығармашылық орталығында жалпықалалық кезеңі ұйымдастырылды. Аудандық кезең қорытындысы бойынша байқау финалына қаланың 8 мектебі өтті.

Іс-шараның ашылуында сөз алған қалалық сайлау комиссиясының төрағасы Айгүл Қалықова мектептегі өзін-өзі басқару жас-



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБЕКОВ.

тардың көшбасшылық дағдылары мен белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыруда үлкен рөл атқаратынын атап өтті. Сондай-ақ, ол қатысушылардың барлық ұсыныстары мен бастамалары ескеріліп, қала мектептерінің одан әрі практикалық қолдануы үшін ұсынылатынын баса айтты.

Байқау аясында оқушылар өздерінің инновациялық сайлау әдістері мен басқару жүйелерін ұсынды. Қатысушылар шығармашылық идеяларын, ұйымдастырушылық дағдыларын мен көшбасшылық қасиеттерін көрсетті. Алматы қаласы аумақтық сайлау

комиссиясының мүшелерінен, білім беру саласындағы мамандардан, мәслихат депутаттарынан, қоғамдық кеңес өкілдерінен тұратын қазылар алқасы әр мектептің жобаларын өзіндік ерекшелігі, тиімділігі мен қолданылу қағидаттары бойынша бағалады.

Жалпы конкурс қорытындысы бойынша бірінші орынды «№19 ЖББМ» КММ, екінші орынды «№51 мектеп-гимназия» КММ, үшінші орынды «№200 мектеп-гимназия» КММ иеленді. Финалистерге Алматы қаласы аумақтық сайлау комиссиясының Алғыс хаттары табысталды.

жұмыстарға 458 арнайы техника тартылды. Атап айтқанда, 153 құм таратқыш, 169 тротуар тазалағыш шағын техника, 45 картиегіш, 69 өзі түсіргіш жүк көлігі қолданылып, бұл жұмыстарға 1224 жұмыскер жұмылдырылды.

«Бұл – осыдан екі күн бұрынғы көрсеткіш. Ол кезде 90 мың текше метр қар шығарылды. Бұған 412 арнайы техника тартылып, 265 жұмыскер жұмылдырылды. Аудан әкімдіктерінде жұмысты бақылау үшін тәулік бойғы кезекшілік ұйымдастырылды», деп хабарлады Алматы қаласының Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы.

Синоптиктер алдағы аптаның аяғында мол қар жауатынын хабарлауда. Алматылық қызметтер оған сақадай сай әзір.

● КОМИССИЯ

Алматы қаласының әр ауданында жел сілкінісі келтірген шығынды анықтау үшін арнайы комиссия жұмысын бастады. Тұрғындар өтініші бойынша мекенжайларға барып, зақым келген ғимараттар мен тұрғын үйлер тексерілді.

ТЕКСЕРІС
ЖҮРГІЗІЛІП
ЖАТЫРГүлжанат
СЕМБАЕВА

23 қаңтардан бері жұмыс істеп жатқан мамандар тексеріс жүргізіп, сол арқылы акт жасайды. Комиссия жұмысының қорытындысы тұрғындардан келіп түскен барлық өтініш қаралған соң жарияланады.

Комиссия құрамына Төтенше жағдайлар басқармасының қызметкерлері, әкімдік өкілдері мен Қала құрылысын бақылау басқармасының мамандары кіреді.

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ербол ӘЛІМҚҰЛ,
Алматы аудандық Төтенше
жағдайлар басқармасы
басшысының м.а:

– Жер сілкінісі келтірген шығынды есептеу үшін Алматы ауданында жұмыс тобы құрылды. Аудандағы тұрғын үйлер мен өзге де мекемелерді тексеру жүргізіліп жатыр. Бүгінде Алматы ауданының төтенше жағдайлар қызметкерлерімен бірге бірнеше үй тексерілді. Тексеру нәтижесінен кейін акт толтырылды. Арасында жаңа үйлер де, ескі үйлер де бар. Басым бөлігі – ескі үйлер. Жер үйлер әлі тіркелген жоқ. Тексеріс аяқталғаннан кейін сараптамалық комиссияны шақырады. Олар барлық өлшемді көргеннен кейін әрі қарай құзырлы органдарға береді. Қазіргі таңда қанша шығын келгені есептеліп жатыр.

● КЕЗЕКШІЛІК

90 МЫҢ ТЕКШЕ МЕТР ҚАР ШЫҒАРЫЛДЫ

Алматыда қар шығару жұмыстарын бақылау үшін тәулік бойы кезекшілік ұйымдастырылды



Алматыда жауған қардың қалыңдығы 3 см-ге жуықтады. Қар жауғанға дейін негізгі магистральдық көшелер реагенттермен өңделіп, 640 тонна көктайғаққа қарсы қоспа материалдар қолданылды.

Айнабай
МӘДІ

Тротуарлар мен жалпы қоғамдық пайдалану орындары, қоғамдық көлік аялдамалары мен жаяу жүргіншілер өткелдерінде қар қолмен күрелді.

Жол патрульдік полициясының еріп жүруімен 10 колонна көлік қар күрелді. Осы



ЗИЯЛЫНЫҢ СӨЗІ

Елдік, ұлттық мүдде барша істен қадірлі. Қоғамның өзекті мәселесін айта білген абзал. Негізі, елдің сөзін айтатын арда тұлғалар шоғырын заманның өзі шығаратын сияқты.

Рухани өмір жан азығы екені ақиқат. Жан-жүрегің рухани мәдениетпен байыта алған жұмыр басты пенде қай істің де қиюын келтірері анық. Осы ретте Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Парасат орденінің» иегері Асылы ОСМАН апамыздың ой-пікірін білген едік.

Асылы ОСМАН, қоғам қайраткері:

ТІЛ ТАҒДЫРЫ

ұлт болашағын айқындайды

Qazaq Eli деген атауға көшейік

Біздің баршамыздың Отанымыз, ол – қасиетті қазақ жері. Қанша ұлт пен ұлысты өз құшағында баурап отыр. Түгел түркінің қарашаңырағы – Алтай. Уағындағы Тұран елі де осы. Ежелгі Түркі бабаларымыз төрткүл дүниені ат тұяғымен дүбірлеткен. Әлемде мемлекет құрудың үлгісін жасаған. Алаштың айбынды ардақтысы, ақын Мағжан Жұмабаев «Түркістан екі дүние есігі ғой» өлеңінде «көп түрік енші алысып тарасқанда, қазаққа қара шаңырақ қалған жоқ па?!» деп жырлаған. Тереңнен түсінген пендеге бұдан асқан астарлы сөз болмас.

Сыртқа кеткен түркі халықтарының барлығы осы атамекенді ардақтайды. Сондай-ақ, «атажұрт» деп айрықша қастерлейді. Оларға қыдырып бара қалсаң, жылы шырай танытады. Демек, әркім өзінің түп-негізін құрметтегені абзал. Ең қиыны, сырттағы ағайындарға Отанымыз ыстық болып тұр. Ендігі кезекте өз ішіміздегі патриотизмді жандандырайықшы. Әйтпесе, әбден отаршылдықтан шаршаған ел-жұртымыздың еңсесін көтеру оңай емес.

Біз Қазақстан дегенді қойып, Qazaq Eli деген атауға көшейік. Іргедегі айыр қалпақты ағайындардың өзі «Қырғыз Республикасы» деп нақтылап алған. КСРО-ның қылышынан қан тамып тұрған кездің өзінде «Қазақ Республикасы» болып тұрды. Дербестіктің алғашқы жылдарында республика атауын қазақшалауға жанталасып жүрдік. Басында бәрі отаншыл еді. Кейін босендеді. Қай күні қазақшылыққа бұрыламыз, сол кезден бастап іс өнеді.

Қазақ тілі – мемлекеттік белгісі

Егер шынайы шындыққа келетін болсақ, қоғамдағы барлық нәрсе тілге байланысты. Тіл ортақ болмай, қоғам топтаспайды. Тілді білген жан ғана сол ұлттың жан-дүниесін ұғып, құрметтейді һәм сыйлайды.

Біз бір нәрсені түсінуіміз керек. Қазақ тілі – мемлекеттіліктің белгісі. Біз көп тіл үйренуге қарсы емеспіз. Әйткенмен, қазақ ұлтының жаны – қазақ тілінің керек болмай тұрғанына қарнымыз ашады. Осы ғой жүйкені тоздыратын.

Артта жаңа буын өсіп келеді. Ендігі жас ұрпақ тілге жанашыр болса екен. Бәріміз керек қылмай тұрсақ, өзгелер қажетсінбейді. Қарақтарым, жер бетінде қазақ ұлты өмір сүріп тұрғанда, қазақ тілі жасай береді деп сенемін. Тіл тағдыры ұлттың болашағын айқындайды. Кім қазақша керек емес десе, онда жаңылысқаны. Өйткені, қазақ тілі – түркі елдерінің тұпқазығы. Алтай тілдерінің ішіндегі тұңғығы. Өзге түркі халықтарында араб, парсы және шетелден кіріккен сөздер көп. Ал бізде ол жоқтың қасы, бізде өзге сөз болса да тым аз.

Түркия Президенті Режеп Тайып Ердоған, Әзербайжан басшысы Ильхам Әлиев, бәрі-бәрі қазақ тілінің тұтас түркі халықтарына ортақ құнарлы, нәрлі, өз қалпын сақтаған тіл болғандығын айтыпты. Демек, әлемді айбынымен, ақыл-айласымен өзіне назар бұрғызған туыстас елдердің басшылары бір дүниені біліп, көріп жорамал жасаған болар. Негізі, қазақ тілінің көрер жарығы мол.

Осы күні Тұран одағын құру, соның сыртында ортақ әліпби жасау туралы бастама



Cypem. Rlsl.org.by

көтеріліп келеді. Бұл негізі сонау Кеңес Одағы тараған соң, 1991 жылдан кейін айтыла бастаған идея-тұғын. Бұған уақыт-сағаты әлі келмей тұрса керек-ті. Аталған идеяға түбі бір оралармыз. Біздің пайымдауымызша, түркі елдерінің ортақ жазуы болғаны құба-құп. Онсыз да Өзбекстан, Түркіменстан, Әзербайжан және т.б. латыншаға әлдеқашан көшкен. Түркия 1923 жылдан бастап Еуропаға жақындау мақсатында заманның ығына қарай латынды қолдаған шығар. Біз әлі екі арбада келеміз. Қазақ тілін латын қарпіне көшіруге ниеттіміз.

Алайда, ісіміз шалағай. Осы шаруаны тездетіп істейтін уақыт келді. Қазір жастар әлеуметтік желіні, ғаламторды, латын әрпіні ойланбай қолданады. Ғылым, білімнің көбісінің дереккөзі сонда. Әлбетте, үлкен кісілерге қиындау болуы мүмкін. Дегенмен, бұл уақытша процесс. 1929–1940 жылдар аралығында латын тілін қолдандық. Сол кездегі КСРО құрамында тұрсақ та, өз тіліміздің қадірі қашпады. Алаш қайраткерлері жасаған, әсіресе, Ахмет Байтұрсынұлының еңбегі сіңген істі неге кешеуілдетеміз. Қолдан келгенше бұрын пайдаланған латын алфавитін заманға ыңғайлап қолданасқа енгізейік. Бұны қайта-қайта талқылап, тендер өткізе беруді доғарайық.

Қазақтың тілі, әдебиеті, мәдениеті, дәстүр-салты дейміз, алайда қазақтың химиясы деп айтпаймыз. Менделеевтің таблицасының түгелі қазақтан шығып отырса да, қазақтың химиясы деп неге айтпаймыз?! Міне, сұрақ! Қазақтың физикасы деп те сөйлемейміз. Сонда тіл мен тарих егіз ұғым. Тарих – мемлекетті сақтайды, тамырын дәлелдей алады. Ал тіл – ұлтты айғақтайды.

Инновация – бәріне ортақ қой. Жаналық ашсаңыз, ол – инновация. Егер біреу жаңалық ашса, соны сол адамға телиді. Ал қазақ тілі сол тумысынан қазаққа телулі.

«Келісіп пішкен тон келте болмас»

Мемлекет басшысының Egemen Qazaqstan басылымына сұхбаты шықты. Өте келелі әрі маңызды мәселелерге тоқталыпты. Оқып шығуға кеңес берер едім. Ұлтқа қажетті, мемлекеттің бағыт-бағдарын айқындайтын дүниелерді көтерді. Әсіресе, академик Дихан

Қамзабекұлы да ұтымды сұрақтарды дәл тауып қоя білген. Бұл да үлкен шеберлік. Негізі, ұлттың басты баспасөз құралдарында халықтың көкейінде жүрген проблемалар қозғалуы тиіс. Бұқара мен билік егіз ұғым. Бір-бірісіз күні жоқ. Сол себепті, бірлесіп іс қылған жөн. Қазақша айтқанда, «келісіп пішкен тон келте болмас». Елдің ішінде іскер жандар көп. Соларды қолдайық.

Қазақ қызын өзгеге қимаймын

Осы күні қыз тәрбиесіне байланысты әңгіме бар. Бұл мәселе күн тәртібінен түспей тұр. Бәрің елітіп тұрған – смартфон. Ішінен көрмейтін бәлесі жоқ. Телефонды орнымен пайдаланса бір жөн. Десе де, әртүрлі дүние көрген жас буын анаған да, мынаған да еліктеп барады.

Ел арасында «ұл бұзылса, отбасы, қыз бұзылса, ұлт бұзылады» деп алаңдаған. Қазақ қызының ары тапталмаса екен. Ата-бабаларымыз қызға қырық үйден тыйым жасаған. Оның да өзіндік мәні бар. Біздің алаңдайтынымыз, қыздарымыз шетелге тұрмысқа шығып, ұлттың қанын бұзбаса дейміз. Ағылшын, африкалықтың қолынан ұстап кетіп жатыр. Өрімдей, сұлу да сымбатты, қылықты, әдепті, білімді жас ұрпақтың өзгелермен шатысқанына жаның ауырады. Қан майданды кешіп жүріп, жан алысып, жан берісіп қазақ жерін сыртқы жаудан, ішкі даудан қорғап қалды. Соған қарамастан, күйдім, сүйдім деп ұлттың абыройын ойламау ұят іс. Қазаққа «Ат айналып қазығын табар» дейді. Бізге қазақтың намысты, жүректі ұл-қыздарының өсіп-өнгені керек. Қазақ қалайда демографиялық тұрғыда көбейсе екен. Әбден геноцид көрген халқымыз ендігі кезекте қанатын кең жаюы тиіс.

Дәстүрлі кандидаттық, докторлық қорғауды қайта енгізейік

Ғылымның жағдайы алаңдатады. Бізден басқасының барлығы үш сатылы бакалавр, магистр, PhD-мен қатар, кандидаттық, докторлық қорғауды қатар алып жүр. Екеуін бір-біріне қарсы қоймайық. Бәлкім, шетелге кеткісі келгендер сырттан қорғап келер. Бүйте

берсек, нағыз ғылыммен айналысатын ғылыми кадрды жойып аламыз. Олардан жөн-жосықсыз, есеп сұратып, қыспаққа сала бергеннен түк шықпайды. Ғылым – шығармашылық ізденіс. Ғалымдарды түрлі кедергіден қорғап, әлеуметтік жағдайын жасап, пәтер беріп, жалақысын арттырып, әлеуметтік мәселесін шешу керек. Қай ұлт өз ғалымына жанашырлықпен қарайды, сол ұлт нағыз ғылым мен жаңашылдықтың өзегіне айналады. Жің-жің ағылшынша, орысша есеп сұратып, тексеру жасап, естен тандыра бермеу қажет. Онсыз да ҰҒА әлі қалпына келмеді. ТМД аумағында академиялардың бәрі мемлекет қамқорлығында. Құрамындағы институттардың баршасы жұмыс істеп тұр. Демек, оларда ғылыми ізденіс, қамқорлық бар деген сөз.

«Мені құртқан көкшопак...» дегендей, қазақ ғылымы мен білімін құртып жатқан сол – баллон жүйесі. Бұл шетелдің солақай саясаты. Біз тым еліктегіш болып алдық. Біреулер 12 жылдық білім беруге көшпекші. Бір ақылғой шығып 15 жыл десе, соған да бас шұлғи беруіміз керек пе? Жоқ, жаным! Айдағанға көніп, айтқанға жүре беретін папуастардың елі емеспіз. Ұлтқа қызмет қылар, ел тізгіндер болмағандықтан, ғылым мен білімнің шырағданы жанбай тұр.

Қазақтың басы істейтін, білгір ғалымдары әлдеқашан шетелге, бизнеске және т.б. мекемелерге кетті. Ғылыми кадр азайды. Ұсақ-түйек мәдени орталықтардан академияның айырмашылығы болмай қалды. Осыған қалай жаның ашымайды? Көңілде «неге» деген сұрақ көп. Ғылым саласы адамдарының бала-шағасын асыраймын, кредит-ипотеканы жабамын деп университетте, колледжде, тағы басқа мекемелерде қосымша істеп жүргендігі жанға батады. Бір тақырыпты жоба ретінде 5 жылға бекіттіріп, содан қомақты айлық алып, күнкөріске алаңдамай, ғалымдар жұмыс жасайтын күнге жетпейтін. Әтәрі, ғалым қу тіршілікті ойлап, әрі-бері шапқылап жүрсе, онда ғылымның күні қаран. Ғылым адамын мазаламайық. Қайта ғалымдардың әлеуметтік жағдайын шешіп, түрлі әкімшілік кедергілерді алып тастайық. Қазақ «ғалымның хаты өлмейді» деп текке тәмсілдемеген.

Бұрын алдыменен ғылым кандидаттығын қорғайтын. Кейін докторлық диссертациясын сәтті қорғаса, өз саласы бойынша ғылым докторы атанатын. Баяғыда ғылыми жұмыс белгілі бір тәртіппен, рет-ретімен жүзеге асатын. Ілгеріде, тіпті ғылымға бейімі бар, өмірін ғылымға арнаған адамдар монография жазып, ғылыми ізденіс жасаса, ғылыми атақ беріпті. Көрдіңіз бе, әр нәрсенің өз жөні болған. Қазіргідей ағылшын білмесең, ғылымнан аулақ жүр демейтін. Бірінші кезекте ғылыми потенциалға қарайтын. Сөйтіп барып тақырып бекіту, ғылыми ізденіс жасау, қорғау жүзеге асатын.

Әрбір ұлттың өзіндік ерекшелігіне қарау керек. Мәселен, тарихтан қорғағанда сіз өзге тарихшыларды оқисыз, дейтұрғанмен өзіңіздің ғана тарихыңызды дәйектеп жазасыз. Тілді де салыстырып айтасыз, бірақ қазақтың тілінің ерекшеліктерін тізіп дәлелдеуге тырысарыңыз анық. Міне, бұл ұлттық ғылым.

Қазақ тілінен ғылыми дәреже қорғаймын деген жаңа тақырып жетерлік. Көнеден келе жатқан кейбір сөздер архаизмге айналып барады. Кейде ұқпай, сөздіктен мағынасын оқимыз. Қазақтың қолданыстан шығып қалған төл сөздерін баршаға білдіру керек. Қазақтың тілі – бай тіл. Кез келген ұлттың тілі өзге тілден сөз алады. Тілді өзге кірме сөздермен байытқанымыз жөн-ақ, бірақ өз қалыбымызды бұзып алмайық. Егер шындыққа келсек, барлық дүние шығыс елдерінің дүниетанымынан алынған. Мақтанып айтамын, ең ақыры күн де шығыстан шығады. Айтарымыз, ғылым – қазақша болуы керек.

● ТҮЙІН:

Елдің ішінде отаншыл азаматтар көп. Әсіресе, қазақтың ауылдан шыққан жастарын қолдайық. Қазақтың білімді, рухты жастарын жоғары лауазымға көтерейік. Кілең шенді-шекпендінің ұрпағын көтеретін заман өтті. Тамыр-таныстықпен келген кадр үмітті ақтамады. Бізге қазақша ойлайтын, қазақша түс көретін, қазақи менталитеттегі жас ұрпақ қажет. Қазақ елінің болашағы – қазақи азаматтардың қолында. Ал өзінің болашағын қазақпен байланыстыратын әрбір этнос Қазақстанды дамытуға үлес қосуға міндетті. Қиын-қыстау заманда қазақ өзгеге пана болды, жерұйыққа айналды. Ел мен жердің иесі, мемлекет құраушы ұлт – қазаққа қызмет қылатын кез жетті. Жаратқан ием, елімізді төтеннен келген апаттан, бәле-жаладан сақта-сын. Қазағымыздың бірлігі мықты болып, жарқын болашағы алда болсын!

**Жазып алған
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.**



ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ

XXI ғасырда инновациялық технологиялар кең ауқымда қоғамның барлық саласына еніп қана қоймай, сонымен қатар қалыптасқан құндылықтарға өзгеріс алып келуде. Қазіргі таңда ақпараттық технологиялар саласынан бастап, медицина, қаржы, құрылыс, коммуникация және саяси қоғамдық салаларға жасанды интеллектіге негізделген технологиялар жаппай кірігуде. Адамзаттың дамуында бу машинасының, электр тогының қолданысқа енгізілуі күрделі өзгерістердің бастамасы болған болса, XXI ғасырда жасанды интеллектке негізделген технологиялар алдыңғы шепке шықты. 2023 жылы, Гугл ақпараттық іздеу жүйесінде «жасанды интеллект» ұғымы қолданушылар тарапынан жыл бойына ең көп сұралған тақырып болды. Бүгінде аталмыш технологиялық жаңалықтар елімізде де кеңінен қолданысқа енуде. Осы орайда жасанды интеллектке негізделген технологиялардың қоғамдық құндылықтарға ықпалы қандай? Олар адам өміріне қандай өзгерістер мен мүмкіндіктер алып келеді?

Төрт қабілет, төрт бағдар

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында еліміздегі жоғары оқу орындарында жасанды интеллектіге негізделген технологияларды оқытатын факультеттер ашу қажеттігін, жақын болашақта аталмыш технологияның жоғары маңызға ие болатындығын атап өтті. Бүгінде адамзат баласы ақпараттың аздығынан емес, керісінше оның тым көп болғандығынан жапа шегуде. Себебі, соңғы елу жылда жинақталған ақпарат көлемі соңғы мың жылдық кезеңмен бірдей ауқымда. Қазір де барлық салада жасанды интеллект технологияларының ықпалы, рөлі, маңызы туралы көп айтылуда. Сәйкесінше, қандай да бір зат бойынша ақпарат көбейсе, арасында негізсіз, жалған ақпараттар мен стереотипке негізделген ойлар да бірге жүреді. Сол себепті, жасанды интеллект технологияларының шынайы әлеуетін қоғамда кеңінен талқылау қажет деген ойдамыз. Технологияның жасанды интеллект аталу себебі, келесі төрт қабілетіне байланысты:

- Ауқымды ақпараттық база негізінде, кез келген жаңа тапсырманы белгілі бір уақыт көлемінде меңгере алуы. Мәселен, IBM компаниясының бағдарламасы шахмат ойынын 115 минутта меңгертіп, тәжірибелі ойыншыны жеңгендігі дәлел;
- Ақпаратты талдай алу қабілеті. Сәй-

кесінше, әрбір қолданушының сұранысы бойынша, ерекше ақпараттық алгоритм бойынша жұмыс жасай алады. Белгілі бір уақыт көлемінде қолданушыны толық зерттеп, нақты не қажет екендігін біле алатын сенімді көмекшісіне айнала алады;

- Өз қабілетінен өзі сабақ алу қабілеті. Бұл қабілеті өте маңызды. Себебі, уақыт өткен сайын әлеуеті артып, күрделі сұрақтарға нақты жауап бере алатын болмақ;

- Шығармашылық қабілеті. Яғни ауқымды ақпараттарды талдау арқылы, визуалды статистикалық мәліметтер, жаңа идеялар, мәтіндер мен тіпті музыка жазу қабілеті.

• Жасанды интеллект – адамның табиғи зияткерлігіне компьютерлік бағдарламалық машиналар арқылы жасалған имитация. Өзге ақпараттық іздеу модельдерімен салыстырғанда, ақпаратты талдау, салыстыру және т.б. аналитикалық қабілеттерге ие болғандығы себепті қоғамдық қолданысқа енуде.

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР

әлеуетін қоғамда кеңінен талқылау қажет



Цифрлық технологиялық дүмпу

XXI ғасыр ақпарат ғасыры ғана емес, сонымен қатар технология ғасыры. Соңғы ширек ғасырдағы адамзат қолданысына енген технологиялық жетістік, өткен екі жүз жылдық кезеңмен пара-пар. Күнделікті өмірімізге еніп жатқан ақылды смартфоннан бастап, сутегі, күн энергиясымен жүретін көліктер, онлайн төлем жүйесінің артуы, қашықтықтан білім беру, емдеу, психологиялық көмек көрсету сынды қоғам өмірінің басым бөлігі цифрлану барысында. Біз мұны соңғы ширек ғасырдағы цифрлық технологиялық дүмпу деп атаймыз. Адамзат тарихында технологиялық жетістіктерге жету және оны қоғамдық өмірге қолданысқа енгізу ерте кезеңдерден бастау алады. Ғылым мен білімнің дамуы қоғамға біршама игіліктер мен мүмкіндіктер алып келеді. Алайда, жаппай қоғамдық қолданысқа енгізіліп жатқан жаңалықтардың әлеуметтік теңдікті қалыптастырудағы рөлі толық зерттелмей, қоғам назарынан тыс қалуда. Мысалы, Еуропада орта ғасырда су көліктерінің жаппай дамуы, отарлық саясатқа алып барды, бу машинасының кеңінен қолданылуы, сәйкесінше, ауқымды капиталға ие азылдық қалыптастырып, жұмысшы табын құрды. Бұл тұрғыда жасанды интеллектке негізделген технологиялардың әлеуметтік теңдік қалыптастырудағы ықпалы қандай болмақ?

Қазіргі таңда жасанды интеллектіге негізделген технологиялардың бір саласы чатботтар, яғни сұрақ-жауап форматындағы құрылым жоғары сұранысқа ие. Аталмыш платформа тегін және ақылы негізде қызмет көрсетеді. Алайда, жақын болашақта кәсіби қызмет көрсететін, толық қалыптасқан форматтары тек ақылы негізде ғана қолжетімді болатынын ескерсек, әлеуметтік негізде капиталистік азылдық пен бұқаралық тұтынушылар арасында таптар бөлінісін алып келу ықтималдылығын көреміз. Бұл тақырып ауқымды зерттеуді талап етеді. Жасанды интеллектіге негізделген технологиялардың қолдану аясы кешенді болғандықтан, жасанды интеллектілі бағдарлама негізінде жұмыс жасайтын бағдарламалар түрлері өте көп. Алайда, OpenAI компаниясы жариялаған чатбот (сұрақ-жауап) форматында жұмыс жасайтын ChatGPT моделі қазір жоғары сұранысқа ие болып отыр.

OpenAI компаниясы – саладағы көшбасшы

Америкалық OpenAI компаниясы 2022 жылғы 30 қарашада, алғаш рет жасанды интеллектіге негізделген, диалог форматында жұмыс жасайтын ChatGPT платформасын

таныстырды. Басты ерекшелігі – мәтінмен жұмыс жасайтын, қарапайым бірақ бірегей жоба болуында еді. Алғашқы бес күннің өзінде оны бір миллионнан аса қолданушы қолдады. Қазір OpenAI компаниясы, 3.0, 3.5 және 4.0 сынды бағдарламаларын жариялады. Әрбір нұсқасы жаңа толықтырулармен және ауқымды функцияларын қосқандығымен ерекшеленіп, видео жасау, фото, музыка жазудың жоғары деңгейіне жетіп отыр. Сонымен қатар, ақпараттық технологиялар саласында ауқымды нарық қалыптасып, басқа да Google, Microsoft және т.б. компаниялар жасанды интеллектіге негізделген платформаларын жариялауда. Алайда, қолданушылар саны бойынша OpenAI компаниясы көш алда.

OpenAI компаниясы 16 қаңтарда өзінің маркетплейсін жариялады. Қазірдің өзінде 100-ден астам түрлі салаға қажетті бағдарламалар бар. Ғылыми-зерттеулер саласында соңғы алты айда елуден аса жасанды интеллектіге негізделген платформалар жарияланды. TechIndustry болғандықтан, бірі екіншісінен асып түскісі келеді. Арасында өте керемет те, негізсіз нашар бағдарламалар да бар. Қазіргі таңда елімізде ғана емес, әлемде қолданушылар арасында жасанды интеллект платформаларын жұмыс, оқу, зерттеу бойынша қолдануда этикалық негіздері, философиялық ерекшеліктері сынды көптеген сұрақтар қалыптасуда. Бұл тұрғыда келесідей маңызды шарттарға назар аударғанымыз жөн.

Біріншіден, ChatGPT немесе басқа да бағдарламалар Cіз үшін ешқашан мақала, диссертация, кітап жазып бермейді. «Енді ғылыммен айналыспауға болады, кітапты да, зерттеуді де арнайы бағдарламалар жаза береді» деген ой негізсіз, жалған. Қандай да мәтін жазып бергенмен, антиплагиат бағдарламалары арқылы оңай анықталынады;

Екіншіден, жасанды интеллект технологияларын тиімді қолдану үшін танымдық тұрғыда келесідей түсініктерді қалыптастырған жөн:

- Жасанды интеллект «жетекші», «құпия профессор» ретінде қолдануға болмайды. Бірақ оны «ассистент», «көмекші» ретінде ұқыпты жәрдеміші ретінде қолдануға болады. Сәйкесінше, көмекшіміз жасаған жұмыс екі рет тексеруді талап етеді.

- Жасанды интеллектке ешқашан зияткерлік, интеллектуалдық жұмысты сеніп тапсыруға, беруге болмайды. Бірақ қандай да ауқымды жұмысты мәні бойынша құрылымдық талдауға немесе белгілі бір тақырып аясында брәйншторминг жасауда, физикалық, тапсырманың мәнін өзгертпейтін жұмысты беруге болады. Құрылым жасауға болады, контент жасатуға болмайды.

Үшіншіден, XXI ғасырда ғылымда ақпараттың, датаның жоқ болуынан емес, тым көп болуынан кедергілер туындауда. Мысалы, гуглға қандай да бір тұжырымдама жазсаңыз, бір секундта жүз мыңдаған ақпарат тауып береді. Көп. Тым көп. Бұл тұрғыда жасанды интеллект негізінде жұмыс жасайтын бағдарламалар (мысалы, literal, litmaps, researchrabbitt, etc), шартты түрде екі мың беттік құжаттан сіздің тақырыбыңызға байланысты ақпарат жазылған 1324 бетті нақты тауып бере алуымен, көп шаруаны аз уақытта бітіруге мүмкіндік аласыз. Мысалы, 12 қаңтар күні ақпараттық гигант, Elsevier компаниясы өзінің SCOPUS AI бағдарламасын жариялады. Бұл қызмет арқылы SCOPUS базасынан журнал, мақала табу бірнеше есеге жеңілдейді.

Алайда, жасанды интеллектке негізделген технологиялар тек ақпараттық талдау, ғылыми зерттеу саласында ғана емес, сонымен қатар әскери, қауіпсіздік, медицина, қаржы салаларына да белсенді түрді кірігуде. Халық арасында жасанды интеллект технологияларының ықпалын асыра бағалаушылар да өте көп. Бірі роботтар жұмысымызды тартып алады десе, екіншісі тіпті мемлекеттер арасындағы соғыстар роботтар арасында болады деген сынайдағы пікірде. Алайда, мойындайтын бір факт бар, жасанды интеллектке негізделген технологиялар сіздің жұмысыңызды тартып алмауы мүмкін, бірақ соңғы технологияны меңгерген келесі бір маманның жұмысыңызды тартып алу мүмкіндігі әбден мүмкін. Сондықтан жаңа технологияны меңгеру ешқашан кеш емес.

Нұрболат
НЫШАНБАЕВ,
сарапшы.



(Дереккөз: OpenAI)



ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

Алматы қаласының әкімі Ерболат ДОСАЕВ:

«ЖҮЙЕЛІ ЖҮЗДЕСУЛЕР ЖАЛҒАСАДЫ»

Бұл шаһар басшысының Алмалы ауданының тұрғындарымен жаңа жыл басталғалы алғашқы кездесуі. Келелі жиында қала әкімі ауданның дамуы бойынша 2023 жылы атқарылған жұмыстарға тоқталып, тұрғындар тарапынан келіп түскен сауалдарға жауап берді.

Алмалы ауданындағы әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі көрсеткіштері оң динамиканы көрсетіп отыр. Инвестициялар көлемі 2,1 есеге 331 млрд теңгеге дейін өсті (НКИ – 213,4%), жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 14,4%-ға өсті (2022 жылы – 50 465, 2023 жылы – 57 722), өнеркәсіп өндірісінің өсуі 200 млрд теңгеге дейін 3,0%-ды құрады (2022 жылы – 175,8 млрд теңге). 12 мыңнан астам тұрақты жұмыс орны құрылды. Өкілеттіктерді орталықтандыру аясында Алмалы ауданының бюджеті 3,6 есеге 5,5 млрд теңгеден 19,7 млрд теңгеге дейін ұлғайтылды (2024 жыл – 21,3 млрд теңге).

Инженерлік
инфрақұрылым

Қала әкімінің айтуынша, ең маңызды мәселенің бірі инженерлік инфрақұрылымды салу және қайта құру болып қала береді. 2024 жылы 34 көшеде 17,8 км сумен жабдықтау және су бұру желілерін қайта жаңарту және салу жоспарланып отыр. Бұған қоса, Байтұрсынов – Төле би – Наурызбай батыр – Бөгенбай батыр көшелерінің аумағында 400 метр жылумен жабдықтау желілері қайта жаңартылып, Алмалы ауданының 16 аумағы бойынша жоспарлы жұмыстар жүргізілді.

Биыл Түркебаев – Кавказ – Дүйсенев – Тұрғыт Өзал көшелерінің аумағында жылумен жабдықтау желілерін – 800 метрді қайта жаңарту жоспарланған. Сонымен қатар, 18 учаскеде 3 км жылумен жабдықтау желілерін қайта жаңартуға ЖСК әзірленуде.

Сондай-ақ, 22 км электрмен жабдықтау желілері мен 18 трансформаторлық қосалқы станцияларды жаңғырту жоспарланған. Алматы қаласының әкімі 2023 жылы тұрғындарды тұрақты электрмен қамтамасыз ету үшін Алмалы ауданында 50 км электр беру желілері ауыстырылғанын, 27 трансформаторлық және тарату қосалқы станциялары жаңғыртылғанын, 6,4 км сумен жабдықтау және су бұру желілері қайта жаңартылғанын айтты.

Естеріңізде болса, өткен жылдың қараша айында мегаполис басшысы Ерболат Досаев Алмалы ауданының тұрғындарымен кездесу барысында қалалық қызметтерге осы ауданда үздіксіз су беру үшін нысанды мерзімінде аяқтауды тапсырған болатын. Соның нәтижесінде «Панорама» ТҮК-де және Әйтиев көшесінде магистральдық және тарату желілерін жүргізе отырып, кәріз және сорғы станциясын жөндеу аяқталды.

Шамдар жарқырай
түседі

Алматыда көше жарығын жаңғырту жұмыстары жалғасуда. Қала басшысы өткен жылдың тамыз айында орталықсыздандыру аясында Алмалы ауданында сапалы сыртқы жарықтандырумен қамтамасыз ету бойынша пилоттық жоба іске қосылған болатын. Былтыр тамыз-желтоқсан айлары аралығында өтінімдерді өңдеу уақытын 4 есеге – 20 тәуліктен 5 тәулікке дейін қысқартуға мүмкіндік туды. «Ауданның 21 көшесінің бойында 4470 шам жаңартылып, 25,7 км ескі кабель желілері ауыстырылды. 11 саябақта, скверлерде және 410 аула аумақтарында жарықтандыру қалпына келтірілді», – деді қала басшысы.

2024 жылы 5 мыңнан астам шамды жаңғырту, 31 көше бойындағы 40 км кабельдік желіні ауыстыру және Абай, Қарасай батыр, Абылай хан сияқты 3 көше бойындағы тротуарлық жарықтандыру орнатылды.

Бұған дейін хабарланғандай, Мемлекет басшысының тапсырмасымен Алматыда сапалы сыртқы жарықтандыру 2024 жылы 85%-ға және 2025 жылы 100%-ға дейін жеткізіледі.

Көшелер орташа
жөндеуден өтеді

Алматының Алмалы ауданында 2024 жылы орташа жөндеумен жалпы ұзындығы 22,9 км болатын 44 көше, сонымен қатар, 5 км тротуар қамтылады. Сонымен қатар, ауданда 40 мың шаршы метр жолға ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіледі.

Қала басшысы 2023 жылы ауданда ұзындығы 24,2 км 16 көшеге, сонымен қатар 6,1 км тротуарға орташа жөндеу жүргізілгенін еске алды. Сондай-ақ, Әйтеке би көшесін Байтұрсынов көшесінен Досмұхамедов көшесіне дейін ұзарту аяқталды. Ағымдағы жөндеумен 40 мың шаршы метр жол қамтылды. Бұдан бөлек, «Сайран» көлін абаттандыру жұмыстары

аяқталады. Естеріңізде болса, өткен жылы «Сайранның» түбі 50 жылда бірінші рет тазартылған болатын. Мегаполис басшысының айтуынша, 2023 жылы конкурстық рәсімдер өткізіліп, мердігер ұйыммен келісім-шартқа қол қойылып, көл жағалауын нығайту жұмыстары басталған. «Тастак» ықшамауданында көрсетілген аумақты реконструкциялауды аяқтау 2024 жылдың соңына дейін жоспарлануда.

Жаңа балабақша

Алмалы ауданының «Тастак» шағынауданындағы қолданыстағы ғимараттарды бұзып, Тілендиев көшесі мекенжайы бойынша 300 орынды балабақша құрылысы басталмақ. Құрылыс жоспар бойынша 2025 жылдың желтоқсанында аяқталады.

Кездесу барысында қала басшысы ауданда тағы бір балабақша ашылатынын атап өтті. «Мектепке дейінгі білім беру саласында ағымдағы жылы Мауленов көшесіндегі ғимаратты сейсмикалық күшейте отырып, күрделі жөндеу жоспарлануда, онда 145 орынды балабақша ашылады. Сонымен қатар, №10, 20, 43 балабақшаларда күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілетін болады», – деді Ерболат Досаев.

«Жайлы мектеп»

Халықтың өсуін ескере отырып, Алмалы ауданында оқушы орындарының тапшылығын одан әрі төмендету үшін мектептер салу бойынша жоспарлы жұмыс іске асырылуда. Ауданда оқушы орны тапшылығының көрсеткіші Алматы бойынша ең төмен.

Сондай-ақ, Алматы қаласының әкімі «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Алмалы ауданында өткен жылдың соңында Райымбек даңғылы мен Әуезов көшесінің қиылысында 1,5 мың орынды мектеп құрылысы басталғанын хабарлады. «Құрылыс-монтаж жұмыстарын 2024 жылдың соңында аяқтау жоспарлануда», – деп атап өтті Ерболат Досаев.

Ал 2024 жылдың екінші тоқсанында аудандағы №16 мектеп жанынан 300 орынды және №58 мектеп жанынан 576 орынды қосалқы нысандардың құрылысы басталады. «2023 жылдың қараша айынан бастап №136 мектеп-гимназияны күрделі жөндеумен сейсмикалық күшейту жұмыстары жүргізілуде, ол 2024 жылдың қазан айында аяқталады. Сондай-ақ, 2024 жылдың 3-ші тоқсанында №134 және №135 мектеп ғимараттарын күрделі жөндеуден өткізу жоспарлануда», – деді Алматы қаласының әкімі.

Бұған дейін Алматы әкімдігінің жобалық офисінде атап өткендей, 2025 жылға дейін мегаполисте 37,1 мың орынды 22 мектеп іске қосылады.

«Мәншүк» сквері
қайта жаңартылады

Есептік кездесу барысында қала әкіміне тұрғындар тарапынан «Мәншүк» скверін жөндеу туралы сауал қойылды.

– Естеріңізде болса, 2023 жылы сквердегі жөндеу жұмыстары аяқталуы керек болатын. Қажетті қаржы бөлінген. Бірақ «Шах» құрылыс компаниясының мердігері осы жоба және келесі жылы абаттандыру мен көзделдіруға қатысты тағы екі жоба бойынша сенімді ақтаған жоқ. Біз сотта жеңдік. Ақпан айында экология басқармасы жаңа байқау өткізеді. Биыл жұмысты аяқтаймыз деп үміттенеміз. Өкінішке қарай, 2023 жылы жөндеуге бөлінген ақшаны 2024 жылға ауыстыруға мәжбүр болдық. Бұрын мақұлданған және келісілген жоба сол күйінде қалады. «Аққу» дәмханасына келсек, ол тарихи келбетін сақтайды. Біз субұрқақты, сонымен бірге ағаш отырғызуды сақтадық. 2023 жылдың соңында қажетті жабдықты сатып алдық. Алмалы ауданының Жасыл комиссиясымен бірге әрі қарай не істеу керектігін қарастырайық. Жобаның сквермен өзара үндесуін қамтамасыз етеміз, – деді әкім.

Тұрғындармен
әртүрлі форматта
жиі кездеседі

Алмалы ауданының тұрғындарымен кездесу барысында Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев осындай кездесулердің жүйелілігі туралы пікір білдірді.

«Мен Алматы тұрғындарымен кездесу өткізуді тоқтатқан жоқпын, кездесу форматы өзгерді. Мен әр тоқсан сайын аудандарға баратын боламын. Жүйелі жүздесулер жалғасады. Жылына екі рет аудандарда жүзбе-жүз кездесулер болады және өткен жылдың төртінші тоқсанындағыдай екі рет тиісті орындарға барып, нақты мәселелерді шешеміз. Сондықтан уәде етілгендей, мен әр ауданның тұрғындарымен жиі кездесіп отырамын», – деді Ерболат Досаев.

Айта кетейік, 2023 жылы қала әкімі 8 ауданның тұрғындарымен 32 кездесу өткізді.

Әзірлеген
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



АТШАБЫС ӘЛЕМІНДЕГІ ФЕНОМЕН

Кабирхан



(Сурет: © Dubai Racing Club).

Қазақтың аты Дубайдағы бәйгеде әлемнің мықты жүйріктеріне шаң жұттырып, бірінші болып келгелі бір апта өтсе де, әлі де көптің аузында жүр. Аттан хабары жоқ жандардың өзін елестірген бәйгені елдегі ақпарат құралдарының дені жазып жатыр. Бізсіз де Кабирхан мен ұшқыр бәйге туралы біраз дүниені біліп қалған боларсыздар. Сонда да кейбір қалыс қалған жайттарды жазғанды жөн көрдік.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

26 қаңтарда Біріккен араб әмірліктеріндегі әлемдегі ең үлкен «Мейдан» атшабарында Аль-Мактум Челендж бас ат жарысында қазақстандық 4 жасар асыл тұқымды тұлпар Кабирхан бірінші келді. Әлемдегі ең беделді бұл трофейлік жарысқа қатысу – кез келген шабандоз бен бәйгеге ат баптайындардың арманы. Дүние жүзінің фавориттері қатысқан жарыста Кабирхан мәреге жақындағанда топтан суырылып шығып, қарсыластарын біраз қашықтыққа артта қалдырды.

Ат жарыс туралы жазатын әлемдік басылымдардың беті қазірдің өзінде Кабирхан

туралы «Золушка жылқысы», «Жоктан шыққан ат», «Байлыққа шүберек», «Кедейліктен байлыққа» деген сынды шулы тақырыптарға толы. Көбі бұрын-соңды классикалық бәйгемен әлемге шықпаған елге біраз сын көзбен қарады. Әлі де сенбей, неше түрлі алыпқаппа әңгімелер айтылып жүр. Финалға өткеннен кейін Кабирхан рейтинг бойынша төртінші орынға тұрақтады. Жүйрік тұлпар бұл бәйгеге дейін төрт ай жарысқа қатыспай, демалған. Себебі, асыл тұқымды, ұшқыр аттарға қойылатын талап та жоғары, соған сай қомақты жүлде беріледі.

Сарапшылардың пікірінше, 30 наурызда өтетін Дубайдағы әлем чемпионатында мына жеңісінен кейін Кабирханмен тек Breeders Cup Classic 2023 жарысының жеңімпазы



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

американдық WHITE ABARRIO және жапондық DERMA SOTOGAKE супер класты айғыры ғана бәсекеге түсе алады.

«Қазақ Жокей клубы» ұйымдастырған баспасөз конференциясында жүйріктің иесі әлемдік сарапшылар мен сыншылар Кабирханның жеңетініне сенбегенін айтты.

«Бұл спорт бізге қарағанда, Дубайда, АҚШ-та әлдеқайда дамығаннан кейін, көбі менсінбей қарағаны жасырын емес. Бірақ бірінші жарыстан кейін Кабирханның потенциалын байқаған сарапшылардың пікірі өзгерді. 26 қаңтар күнгі жарыста Кабирханмен бірге АҚШ-тан келген 5 жасар айғыр Клэптон деген фаворит шапты. Екеуінің бәйгедегі деңгейі бірдей болатын. Клэптон бұдан бұрын АҚШ-та өткен ең мықтылар жарысқан бәйгеге қатысты. Жүлдеге илінбеді, бірақ фаворит деп саналды. Жалпы, Дубайдағы бәйгеде Кабирханмен жарысқан он бірі де әлемнің үздік арғымақтары. Бұған дейін де екі жыл қатарынан Қазақстан мен Ресейде өткен беделді бәйгелерге қатыстық. Кабирханның әкесі 2016 жылы әлемдегі ең қымбат жарыс – Дубайдағы әлем кубогын ұтқан.

Сатып алған себебім де – осы. Арғы тегіне қызықтым. Тұқымы – таза қанды ағылшын. АҚШ та туып, екі жасында Қазақстанға әкелінген.

Атты қандай қашықтыққа дайындайсың, сол қашықтыққа шабады. Бірақ бәйгеден кейін бапкерлер Кабирханның потенциалы жоғары, одан да ұзақ қашықтыққа шабатын күші барын айтып жатыр. 20–30 пайыз артық шабуға шамасы жетеді. Мүмкіндігінің 70–80 пайызын көрсетті. Кабирхан қазір Дубайда. 30 наурыздағы бас бәйгеге қатысамыз. Онда одан да мықты аттар қатысады. Жаксы дайындықта тұр. Бұл жолы да топ жарып, озып келетініне сенемін», – дейді Кабирханның иесі Тілек Мұханбетқалиев.

Бір жарым жастағы Кабирханды сатып алып, Қазақстанға алып келген сарапшы Надир Хасанов: «2021 жылы Америкада өтетін әлемдегі ең үлкен аукционнан сатып алдым. Карантин басталған кезде Алматы ипподромына әкелдік. Бірінші тренері Тұрғанжан Юлдашев, ал бірінші жокейі Руслан Юлдашев болды. Ақырындап бәйгелерге дайындай бастадық. Бірнеше бәйгеге қатысқаннан кейін, Қазақстанда Кабирханға тең келетін жүйрік болмады. Тілекпен келісіп, Ресейге жібердік. Мықтылардың арасына келгенде деңгейі жоғарылай түсті. Нәтижесін көріп отырсыздар», – дейді.

P.S:

● ЕКІ ТАҒДЫР. ЕКІ ЖЕҢІС

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ахмет ТОҚТАБАЙ,
тарих ғылымының докторы, этнограф, жылқы зерттеуші ғалым:

ЕНДІГІ БЕЛЕС – ОЛИМПИАДА

Әлемдік додадағы жеңіс Қазақстанның ат спорты саласына серпіліс әкелді. Бұл жеңістің артында бір емес, бірнеше адамның еңбегі жатыр. Сәйгүліктің тұқымын сонау Америкадан алып келіп, бәйгеге жарату оңай емес. Тарихын аттың тұяғымен жазған қазақтың мерейін бір асырып тастады. Кабирханның жеңген сәтін көріп отырып, кезіндегі Луговое зауытында тәрбиеленген, ақалтеке тұқымының қара түсті айғыры Абсент есіме түсті. Тіпті, Кабирханның түр-тұрпаты Абсентке келіңкірейді.

Абсент – салт жүрудің жоғарғы мектебі бойынша Олимпиада ойындарының бір дүркін, КСРО-ның 7 дүркін чемпионы. Меніңше, Кабирхан Абсенттің жүрген жолын қайталады. Осы уақытқа дейін Қазақстанның атын шығарған Абсенттің бірде-бір тұлпар болмады. Отыз жыл өмірін жылқыға арнаған маман ретінде Кабирханның жеңісінің артында тұрған азаматтарға рахмет айтамын. Мұнымен тоқтап қалмай, келешекте олимпиадаға қатысу жағын ойлау керек. Абсент 17 жасында Қазақстанға оралады. Одан 70-тей ұрпақ қалғаны туралы ақпарат бар. Бірақ қазір ұрпақтары қайда екені белгісіз. Америкада Калифорния Хром жүйріктен Кабирхан сияқты бірнеше ұрпақ алған. Ал өзіміздегі Абсенттен ұрпақ ала алмадық. Бағалы жылқы тұқымын көбейту керек.

Максат АХАЕВ,
«Қазақ жокей клубының» төрағасы:

ЖЕҢІС ҚАЗАҚТЫҢ РУХЫН КӨТЕРДІ

Кабирхан жүйрігіміз бәйгені ең бірінші осы Алматы ипподромында бастады. Алғашқы старттарын 2 жасында Алматыда өткізді. Біздің ипподромнан шыққан ат Дубайдағы жарысқа қатысып, осындай нәтиже беретініне ешкім сенбеді. Кабирхан – Қазақстаннан шығып, шетелде ұтқан ең бірінші ат. Бұл жеңісі қазақтың рухын көтерді. Қазір облыстардан, қалалардан жігіттер ат ұстағысы келетіндерін айтып, хабарласып жатыр. Отандық ұшқыр бәйгеде қозғалыс болып жатыр. Ресейде өнер көрсетіп жатқан басқа да жүйріктеріміз баршылық. Қазақстанда жаксы нәтиже көрсеткен ат иелеріне Ресейдегі бәйгелерге қатысуды ұсынамыз. Одан кейін әрі қарай Дубайға, т.б. классикалық бәйге дамыған, жыл он екі ай ұйымдастырылатын елдерге шақырту алады.

Бұл спортта қарапайым адам мен миллионер шейхтардың мүмкіндігі бірдей. Бәйге аттарын дайындауда ең бірінші жаяу жүріп, аяқты адымдап басып, дұрыс аяқ алуды үйрететін бапкерлердің еңбегі зор. Жүйрік алтын сарайда ұстағаннан жүйрік болмайды, нағыз ат-бегінің арқасында тұлпар болады. Ондай азаматтар біздің елде көп. Әлі де талай үздік жүйріктер шығуы мүмкін. Бір кездері біздегі мықты жаттықтырушылар мен жокейлердің барлығы шетелге кетіп қалды. Атты ең алғаш қолға үйреткен ұлт ретінде мықты аттарды өсіре алмасақ, үлкен сын. Бізде басқа елдерге қарағанда, ат өсіру тегін, әрі оңай. Бәйгенің талабына сай жүйрік дайындау – кез келгеннің қолынан келетін іс.

Ең бірінші допинг бақылау, аттардың барлығы бірге старт алуы, шабыс кезінде бір-бірінің жолын кеспеу, жолына түспеу, таза шабу – бәйгедегі әділдік, ат жарысының мәдениеті.

АДАМ МЕН ЖАНУАР АРАСЫНДАҒЫ
ТЫЛСЫМ ҮНДЕСТІК

Бәйгені көргенде кім не түсінді білмеймін, бірақ менің есіме 90-жылдары ұшқыр бәйгеден рекорд орнатқан Болд Пайлот (Bold Pilot) түсті. Болд Пайлот – түріктің асыл тұқымды жүйрік жылқысы. Бұрынғы жокей Өздемир Атаманға тиесілі тұлпар 3 жасында дәл Кабирхан сияқты 9 жарыстың 8-ін жеңген. 1996 жылғы жарыста 2 минут 26 секундта шауып, әлемдік рекорд орнатты. Өзі қатысқан барлық 21 бәйгенің 16-сында бірінші келген тұлпар туралы Түркия киногерлері 2018 жылы «Біз үшін чемпион» (Bizim için Şampiyon) деген фильм түсірді. Киноның желісі өмірде болған оқиғалар баяндалады. Басты кейіпкері – 14 жасынан бастап ат спортымен айналысқан аты аңызға айналған түрік жокейі Халис Караташ. Болд Пайлоттың иесі Өздемир Атаман бәйгелердің бірінде Халисті байқап қалады да, оны өз клубына шақырады. 1996 жылы рекорд орнатқан кезде Болдидің (Болд Пайлот) тізгінінде дәл осы жокей еді. Авторлар шынайы оқиғадан ауытқымай, кейіпкерлердің қиын тағдырын әсерлі, әрі шынайы жеткізеді.

Бәйге жүйрігі мен жокейдің өмірі арқылы көбінің түсінігіндегі «ұшқыр бәйге – ақсүйектердің ойыны» емес, жануарға деген махаббат ауыр дерттен айықтыратын алып күшке ие екенін жеткізгісі келеді. Халис жарыста жеңіске жетумен қатар, Өздемир Атаманның қызы Бегім Атаманның жүрегін жаулап алады. Уақыт өте қыз ауыр дертке ұшырайды. Осы кездегі жүрекке қалғаны – Халис пен Болд Пайлоттың әр жеңісі Бегімнің дертті жеңуімен байланысты болады. Сөйтіп, Бегім Атаман науқасынан айығады. Халис Караташ пен Бегім Атаман 2004 жылы үйленіп, балалы болады. Болд Пайлот 1998 жылы бәйге алаңымен қоштасады. Тура 15 жылдан кейін 2013 жылы оны көптің сұрауымен Вели Эфенди алаңына шығарды. 2015 жылдың 30 сәуірінде Атаман әулетінен қаралы хабар жетеді. Түркия ғана емес, әлем жұрты тарихта қалған арғымақтан айырылып қалады. Болд Пайлот пен Бегім Атаман Караташты жеңімпаз қылған бір ғана нәрсе еді. Ол – жеңілетінін біле тұра, бәйгеге түсу.

Авторлар фильм арқылы адам мен жылқы арасындағы үндестіктің, махаббат пен сәттіліктің тарихын бірнеше жанрмен ұштастырады.

Сол сияқты, Кабирханның бәйгесі талайдың есінде біразға дейін сақталатыны анық.



(Суретте Халис Караташ пен Болд Пайлот).



ЖЕҢІС ТЕ, ЖҮЛДЕ ДЕ ЖЕТКІЛІКСІЗ

Спорт саласына түбегейлі өзгерістер мен реформа қажет

Төрткүл дүние көз тіккен төртжылдықтың басты жарысы Олимпиада ойындарына және өзге де беделді дүниежүзілік жарыстарға Қазақстан құрамасы тәуелсіздік алғаннан бері қалмай қатысып келеді. Мұндай жарыстарда жүргымыздың міндетті түрде жеңіс пен жүлде күтетін ішкі фавориттері де бар. Әр қазақстандық бокс, дзюдо, күрес, ауыр атлетика секілді спорт түрлеріне әрдайым үміт артады. Алайда, көпшілікті қуантқаннан гөрі «әттеген-ай» деп айтқызытын спорт түрлері де жоқ емес.



Досбол
АТАЖАН

Соңғы жылдары қысқы спортта Қазақстан спортшыларының ауыз толтырып айтарлықтай жеңістері аз. Көк туды қолға ұстап жеке дара құрама ретінде еліміз бүгінге дейін 8 қысқы олимпиада ойындарына қатысып, барлығы – 1 алтын, 3 күміс, 4 қола медаль жеңіп алды. Оның ішінде 3 қысқы олимпиададан отандастарымыз мүлде жүлдесіз қайтты. Олар: 2002 жылы АҚШ-тың Солт-Лейк қаласында, 2006 жылы Италияның Турин қаласында және 2022 жылы Қытайдың Бейжің қаласында болған жарыстар. Ал соңғы 10 жылдықта болған 3 олимпиаданы алатын болсақ, спортшыларымыз небәрі 2 қола жүлдемен қанағаттанған. 2014 жылы Сочи қаласында мәнерлеп сырғанаудан Денис Тен, ал 2018 жылы Пхенчхан қаласында фристайлдан Юлия Галышева қола жүлде алды. 2022 жылы Бейжіңдегі жарыста ең үздік нәтижені Абзал Әжіғалиев көрсетті, ол шорт-тректен 500 метрлік сайыста төртінші болды. Күні бүгінге дейін Қазақстаннан қысқы спорт бойынша олимпиада чемпионы атанған жалғыз азамат – Владимир Смирнов. Ол 1996 жылы Норвегияда



өткен төртжылдықтың жарысында шаңғы тебуден 1 алтын мен 2 күміс жүлде алған болатын. Лиллихаммерден кейін (Норвегия) Көк туымыз қысқы олимпиада төрінде бәрінен биік әлі көтерілген жоқ.

Сондай-ақ, соңғы 3 олимпиада нәтижесі бойынша қазақстандық спортшылардың лицензиясы жылдан-жылға азайып келе жатқанын байқауға болады. 2014 жылы Ұлттық құрамаға 11 спорт түрінен 58 спортшы еңсе, 2018 жылы 9 спорт түрінен 44 спортшы және 8 спорт түрінен 34 спортшы қатысты.

Қысқы спорт түрлеріндегі сәтсіздік пен төмен нәтиженің себебін «Бейжің–2022» олимпиадасынан кейін Абзал Әжіғалиев әлеуметтік желіде айтқан болатын. 2018 және 2022 жылдардағы олимпиадалық құрамның Ту ұстаушысы көңіл көншітпейтін нәтиженің себебі ретінде – қысқы спортқа қажетті инфрақұрылымның жоктығы мен спортшыларға беделді жарыстардың арасында тиісті көмек көрсетілмеуімен түсіндірді.

«Олимпиада қызуы басылмай тұрғанда қысқы спорт түрлеріндегі басты мәселе-

лерді қозғап өткім келеді. Еліміздің барлық аймақтарында мұз айдындары бар. Бірақ олардың ешқайсысы әлемдік стандарттарға сәйкес келмейді. «Алау» алаңы ғана біз дайындық жасау үшін тиімді. Оның өзі жеке қолға берілген. Сондықтан оларға өзін-өзі асырау үшін ақша маңызды. Сапалы мұз айдыны бізде ғана емес, жас спортшылар мен балаларда да жоқ. Одан кейін олимпиада алтынын қалай талап етесің. Тағы бір мәселе – қажетті құрал-жабдықтың болмауы. Бізге жаттығу велосипеді, қуат өлшегіш, гейч сынды қарапайым жабдықтар керек. Бірақ министрлік біздің сұранысымызды орындай бермейді. Өкелгеннің өзінде қиындық туды деп кеш жеткізеді. Олимпиадалықтарға жарысқа жарты жыл қалғанда ғана көңіл бөле бастайды», – деп пікір білдірді Абзал.

Ал қысқы спорттан жас спортшыларымыздың нәтижелеріне келсек, осы жылға дейін жастар құрамасы 2012, 2016 және 2020 жылдары жасөспірімдер арасындағы 3 олимпиадаға қатысқан. Бұл жарыстарда қазақстандық жасөспірімдер 1 күміс, 4 қола жүлде қанжығалаған. Осы күндері

Оңтүстік Кореяның Канвон қаласында кезекті қысқы жасөспірімдер олимпиадасы өтіп жатыр. Қазіргі сәтте құрама қоржынында 1 алтын, 2 қола жүлде бар. Айта кеткен жөн, 20 қаңтар күні шаңғымен тұғырдан секіру сайысында Илья Мизерных чемпион атанып, ел тарихындағы қысқы жасөспірімдер олимпиадасының алғашқы алтын медалін жеңіп алды. Ал қола жүлдені шорт-тректен Полина Омельчук және хоккейден (3×3) ұлттық құрама ойыншылары әкелді.

Ересектер құрамында елеулі жеңістер әлі де жеткіліксіз болса, жастар арасында оң қозғалыс бар екені байқалады. Американың Лейк-Плэсид қалашығында 2023 жылы өткен қысқы Универсиадада жас спортшыларымыз 3 алтын, 4 күміс пен 4 қола жүлде жеңіп, жалпыкомандалық тізімде 11 медальмен 11-ші болды. Жас спортшыларымыздың мұндай беделді жарыста айтулы жеңістерге жетуі көңіл қуантады. Алдыңғы буын ағаларының орнын басатын жасөспірімдер мен жастарымыз Қазақстандағы қысқы спорттың болашағын жарқын етеді деп сенеміз.

Жалпы, еліміздегі кәсіби спорт пен бұқаралық спорттың дамуына Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та ерекше көңіл бөліп отыр. Президент өткен жылдың қазан айында кәсіби спорт туралы: «Ашығын айтуымыз керек, нәтижеміз мемлекеттен бөлініп жатқан қаражаттың барынша тиімді жұмсалмайтынын көрсетеді. Мұндай жағдайға жол беруге болмайды. Спорт саласына түбегейлі өзгерістер, яғни реформа қажет. Тиісті министрлік осы мәселені жан-жақты қарап, спортты дамытудың мүлде жаңа жолдарын ұсынуы керек», – деп пікір білдірсе, «Жаңа жыл» қарсаңындағы құттықтауында: «Елімізде кәсіби спортпен қатар, бұқаралық спорт қарқынды дамуда. Әсіресе, балалар дене шынықтырумен белсенді айналысатын болды. Сол себепті, мемлекет ауылдық және қалалық жерлерде жаңа спорт нысандарын салып жатыр», – деп атап өтті.

БІЗДІҢ МАҚТАНЫШЫМЫЗ

ЖАРТАСҚА ӨРМЕЛЕУ –

спорттың жанкешті түрі

Алатау ауданындағы №26 жалпы білім беретін мектеп оқушысы Ерхан Айдарханұлы Алматының ғана емес, еліміздің де мақтанышы. Ол қазір спорттың ең қиын саласы – жартасқа өрмелеуді бағындырып, ерекше дағдыларына машықтанып келеді.



Рая
ЕСКЕНДІР

Жартасқа өрмелеу – табандылықты талап ететін спорттың ең бір жанкешті түрі. Биік жартасқа өрмелеп, көздеген мақсатқа қол жеткізу асқан шеберлік пен ептілікті, жылдамдықты ғана емес, жүрекшелікті де талап етеді. Сондықтан спорттың бұл түріне екінші бірі жүрегі дауалап бара бермейді. Қиындығына қарамастан спорттың дәл осы түрін таңдаған

Ерхан жақында Үндістанның Джамшедпур қаласында өткен альпинизмнен Азия чемпионатына қатысып, күміс медальді жеңіп әкелді.

Азияның 11 елінен барлығы 91 қатысушы «Жастар С» (10 және 11 жас) және «Жастар D» (12 және 13 жас) санаты бойынша өз шеберліктерін сынға салды. Аталмыш додада бірінші орынды Қазақстаннан барған Иван Стеценко, екінші орынды да қазақстандық Ерхан Айдарханұлы, үшінші орынды тайландтық Тинн Тираджаруват жеңіп алды. Қиындығына

қарамастан, қазір жартасқа өрмелеуді серік еткісі келетіндер қатары артып, шет мемлекеттер кеңінен қолдау көрсетіп жатыр. Қазір біздің елімізде де спорттың бұл түріне қолдау көрсетіле бастады. Сондықтан болар, айтулы спорт бәсекесіне қатысып бағын сынағысы келетіндер саны да жыл санап арта түсуде. Tata Steel Adventure Foundation (TSAF) Үндістанның Альпинизм қорымен (IMF) және IFSC Asia бірлесіп ұйымдастырған спорттық жарысқа 11 мемлекеттен 100-ден астам Азия елдерінің өкілдері қатысқан еді. Сондай-ақ, чемпионатқа құрамында 31 спортшысы бар үндістандық команда қатысып, қарқынды бәсекелестік көрсетті.

Жарысты ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл Үндістандағы спорттық альпинизм инфрақұрылымындағы ең маңызды кезең болған көрінеді. Биіктігі 36 метрлік қабырға, Халықаралық спорттық альпинизм федерациясы (IFSC) белгілеген халықаралық стандарттарға сәйкес келетін Үндістандағы ең алғашқы қабырға. Әлемдік мамандардың айтуынша, боулдеринг қабырғасы TSAF-қа спорттық альпинизм бойынша ірі халықаралық жарыстар өткізуге мүмкіндік беріп қана қоймай, сонымен қатар спортшылардың жаттығу әдістемесін де жақсартатын болады.

– Әлемдік жарысқа қатысып, еліміздің абыройын арқаулау маған үлкен жауапкершілік жүктеп отыр. Келешекте де әлі талай биіктерді бағындыратын боламын. Жарыстан келген кезімде мектеп ұжымы, сыныптастарым салтанатпен қарсы алғанда, маған жүктелген жауапкершіліктің зор екенін сезіндім, – дейді Ерхан Айдарханұлы.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Биылға дейін еліміз бойынша 1-сыныпқа құжаттар тек 1 тамызға дейін ғана қабылданған еді. Енді бұл тәртіп өзгеріп, құжаттарды қабылдау мерзімі 31 тамызға дейін ұзаратын болды.

ҚҰЖАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ

мерзімі ұзартылды

Елімізде 1-сыныпқа оқушыларды қабылдау мерзімі 31 тамызға дейін созылатын болды

Рая
ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ

Мұндай өзгеріс жасауға ата-аналардың өтініші себеп болып отырған көрінеді. Оқу-ағарту министрлігі «Егер бұрын 1-сыныпқа қабылдау мерзімі сәуірдің 1-інен тамыздың 1-іне дейін жүзеге асырылса, енді баланың ата-анасынан немесе өзге де заңды өкілдерінен 1-сыныпқа құжаттарды қабылдау биыл күнтізбелік сәуірдің 1-і мен тамыздың 31-і аралығында өтеді», – дейді өз ақпаратында.

Сонымен қатар, Оқу-ағарту министрлігі тағы да бір жеңілдік жасалып отырғанын жеткізді. Ендігі жерде демалыс кезінде ғана мектептен мектепке ауысуға байланысты шектеу алынғанын мәлім етті. Осылайша ата-аналарға жаңа ережелерге сәйкес, балаларын тұрғылықты жері бойынша оқу жылы ішінде мектептен мектепке ауыстыру мүмкіндігі бар. Сондай-ақ, «Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына» қабылдау мерзімі тамыздың 25-і аяқталуына байланысты білім алушылардың өтініштерін 10-сыныпқа қабылдау мерзімі тамыздың 15-інен тамыздың 31-іне өзгертілді. Осылайша колледжге қабылданбаған білім алушылар 10-11-сыныптағы оқуын жалғастыра алады», – дейді тиісті сала өкілдері.



Мектеп асханасы:

ТЕГІН ТАМАҚ – ҚАТАҢ ТАЛАП

Ас мәзіріне ұлттық тағамдарды енгізу ұсынылды

Жыл өткен сайын еліміздің экономикасы жақсарып, әлеуметтік салалардың тамырына да қан жүгіре бастады. Мемлекет басшысы сайлауалды бағдарламасында Үкімет пен әкімдерге 2027 жылға дейін еліміздегі барлық бастауыш сынып оқушыларын мектепте тегін ыстық тамақпен қамту туралы тапсырма берген еді. Осыған орай, тиісті қаражат қарастырылып, биылғы 1 қыркүйектен бастап 1,6 миллионнан астам барлық бастауыш сынып оқушысы және халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын отбасы балалары мектептерде тегін тамақпен қамтамасыз етіле бастады.

Қашаннан жаңалықтың жаршысы атанған Алматы қаласы бастауыш сынып оқушыларын тегін тамақпен қамтуды елімізде алғаш болып қолға алған. Бұл үрдіс бір кездері сәл кідіріс жасап, тек әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасы балалары ғана тегін тамақпен қамтамасыз етіле бастаса, шаһар басшысы Ерболат Досаевтың бастамасымен ағымдағы оқу жылынан бастап, 1–4-сынып оқушылары әлеуметтік артықшылықтарына қарамастан, барлығы бірдей тегін тамақтана бастады.

Ағымдағы жылы тегін тамақпен қамтылған алматылық оқушылардың үлесі бұрынғыдан да арта түскен. Өткен оқу жылында Алматы мектептерінің тек 19 мың оқушысы ғана тегін тамақпен қамтамасыз етілген. Ағымдағы оқу жылында бұл көрсеткіш еселеп өсіп, 133 мың оқушы ыстық тамақпен қамтылып отыр. Дәл қазіргі таңда Алматы қаласының барлық бастауыш сынып оқушылары тегін тамақпен 100% қамтылып, оқушыларды тегін тамақпен қамту көрсеткіші 38,3%-ға өсті. Бүгінгі таңда 133 мың оқушы мектеп асханасынан тегін тамақтанса, олардың арасында 1–4-сынып оқушылары мен әлеуметтік аз қамтылған және көпбалалы

отбасынан шыққан 5–11-сынып оқушылары да бар. Бұл, ең алдымен, Мемлекет басшысының тапсырмасы, әрі ел экономикасының жақсара түскенінің жарқын көрінісі. Сондықтан мектеп асханасынан берілетін тегін тамақтың сапалы болуы үлкен маңызға ие.

– Қазіргі таңда қалалық әкімшілік оқушылардың тамағына бөлінетін қаржы мөлшерін 560 теңгеден 800 теңгеге дейін көтеріп отыр. Мәселен, 2023 жылдың бюджетінде бұл мақсат үшін 18 миллиард теңгеден астам қаржы қарастырылды. Оқушыларды ұтымды теңгерімді тегін тамақпен қамтамасыз ету үшін маусымдық және жас ерекшеліктерін ескере отырып, қаланың барлық мектептері үшін орталықтандырылған 4 апталық ас мәзірі бекітілген, – дейді қалалық Білім басқармасының бөлім бас маманы Гүлнұр Жотабаева.

Оқушыларды тегін тамақпен қамту үркеніетті мемлекеттердің барлығында бар үрдіс. Келешегін ойлаған ел ең алдымен ұрпағының болашағын ойлайды. Сондықтан мектеп жасындағы балалардың дұрыс тамақтануы – жас ағзаның қажетті дәруменмен қоректенуіне, денсаулықтарының нығайып,

қалыптасуына көп әсерін тигізетіні анық. Қазіргі таңда бастауыш сыныпта білім алып жатқан оқушылардың тегін ыстық тамақпен қамтылуын барлық ата-аналар зор қуанышпен қабылдап отыр. Бұл, әсіресе, әлеуметтік аз қамтылған отбасыларға үлкен көмек болды. Әдетте, балалардың таңертең асқа аса тәбеті бола бермейтіні анық. Ал мектеп асханасында сыныптастарымен жарыса ішкен астың дәмі де, жөні де бөлек. Сондықтан мемлекеттің мұндай қолдауына ата-аналар да ерекше қуанып жатыр. Дегенмен, кейде «арзанның сорпасы татымас» деген мақалды да еске алып, «тегін тамақ талапқа сай ма» деген сауалдың туындауы заңдылық. Әлбетте, «адамның тәбеті тамақ ішерде келеді» демекші, асханаға кірген бойда балалардың да тәбеті ашылып, бір-бірімен жарыса тамақтануы тамақтың дәмділігіне байланысты. Осы ретте мектеп асханасы

әзірлейтін астың сапасына күнделікті мониторинг жүргізіп отыратын арнайы комиссия құрылған. Оның құрамына медицина қызметкерлері, мектеп әкімшілігі және ата-аналар кіреді. Барлық мектеп асханаларында бірыңғай стандарттарға сәйкес, 4 апталық тегін тамақтану мәзірі бекітілген. Егер ата-аналар балаларының қандай тамақ ішетініне қызығушылық танытып жатса, күнделікті ас мәзірін Білім басқармасының немесе сол білім беру ұйымдарының сайтынан да көрулеріне болады.

Жақында ғана мектеп оқушыларын тамақтау үрдісіне, яғни ас мәзіріне ұлттық тағамдар енгізілсе деген бастама көтерілді. Жалпы, қазақта «ауру – астан» деген сөздің барын ескерсек, бұл сөздің жаны бар. Сонымен қатар, халқымыздың сонау ықылм заманнан-ақ өзі тұтынатын ас-суына ерекше мән бергенін аңғартса керек. Дегенмен, соңғы кездері сөрелер сапасыз, адам денсаулығына зияны көп өнімдерге толып кеткені де жасырын емес. Ғалымдардың қазіргі пайымынша, мұндай тығырықтан шығудың бір ғана жолы ұлттық тағамдарға оралу екені де жиі айтыла бастады. Осыған орай, қазіргі таңда тағаммен байланысты оқу орындарының өздері де қазақтың ұлттық тағамдарының ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрін сақтап, оны жан-жақты насихаттауды қолға алып отыр.

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

**Сәния ӨСКЕНБАЙҚЫЗЫ,
М.Мақатаев атындағы №140 гимназия басшысы:**

ҚҰРАМЫ ДА, ҚҰНАРЫ ДА ӨЗГЕШЕ

Иә, баланың отбасында ішетін тағамының сапасы әрқилы. Шыны керек, үй жағдайында көбіне майлы, қуырылған ас дайындап жатамыз. Сондықтан мектеп асханасында балаларымыздың ағзасы бір сәтке болсын жеңіл тағамдармен қоректеніп жатады. Қазір қала көлеміндегі мектеп асханалары оқушыларды Тағамтану академиясы бекіткен ас мәзірі бойынша тамақтандырып жатыр. Арнайы мамандар бекіткен ас мәзірі барлық талапқа сай. Ең бастысы, дайындалатын тағамдардың құрамы дәмді, қоректік қуаты мол, денсаулыққа қауіпсіз, экологиялық таза болуы шарт. Мұндағы тағамның құрамы күнделікті энергия қажеттілігінің үштен бірін қамтуы басты міндет. Сосын тағам құрамында ақуыз, май, көмірсуларының болуы міндетті. Әдетте, балалардың жан-жақты, дені сау ұрпақ болып қалыптасуы мен ойының дамып, бойының өсуіне түрлі дәрумендердің маңызы зор. Бұған қоса, түрлі аурудың алдын алу үшін дәруменге бай, майы аз, тірі пробиотиктері бар сүт өнімдері де ас мәзіріне қосылған. Мектеп рационында көкөніс, жеміс-жидектің түрі де көбірек қамтылған.

● СЕМИНАР



ТЕҢІЗДЕН МАРЖАН ТЕРГЕНДЕЙ...

Алматыда «З.Қабдолов оқулары» аясында республикалық ғылыми-тәжірибелік семинар өтті

Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Мағжан Жұмабаевтың «Теңіз терең емес, адам жаны терең» деген пікірі әсте қате айтылмаса керек. Бұған психоанализдің негізін қалаушылардың бірі З.Фрейдтің «Ешбір пенде құпияны сақтап қалуға қабілетсіз. Еріндері үндемегенмен, саусақтары айтып қояды» деген қанатты сөзін қосыңыз. Адам жанының айнасы ауызша сөзбен жарыққа шықпаса да, тілдік танбаның күдіретімен паш етіледі екен-ау! Ақиқатында солай ма?

Соңғы жылдары Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Филология факультетінде «Психологиялық әдебиеттану» пәні өтуде. Осы пәннен алған білімді тәжірибеде іске асыру мақсатында, «Әдебиеттану» мамандығының 4-курс докторанттарының қатысуымен республикалық ғылыми-тәжірибелік семинар өтті.

Оның жұмысына Зум платформасы арқылы Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті,

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Қожа-Ахмет Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті, С.Торайғыров атындағы Павлодар университеті қатысып отырды.

Аталмыш ғылыми-тәжірибелік семинарда академик-жазушының «З.Қабдолов оқулары» аясында әрі «Психологиялық әдебиеттану» пәнінің тәжірибелік-эксперименттік нәтижесі ретінде «Шығармашылық тұлға психологиясы» деген атаумен қос ғалымның психологиясы талданды.

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Сәуле ЕРЖАНОВА, «Психологиялық әдебиеттану» пәнінің оқытушысы, филология ғылымының докторы, профессор:

«ОЙШЫЛДЫҢ ҚАСЫНДА ТҰРСАҢ, ОЙСЫЗ ТҰРА АЛМАЙСЫҢ»

«Менің Әуезовім» роман-эссесі негізінде ғылыми-шығармашылық тұлғалардың көптеген идеялар мен стратегияларды шығару мен қолданудағы икемділігі, мәселелерді шешудің жаңа жолдарын таба отырып, өзгеше ойлауға қабілеттері сөз болды. Өз заманындағы озық ойлы тұлғалардың тума табиғаты, оларды біріктіретін ішкі әлемді зерделеуге баса мән берілді. Ғалымның М.Әуезов қасында жүргенде «Ойшылдың қасында тұрсаң, ойсыз тұра алмайсың» деп ұстанатын тұжырымының астарында да психологиялық көңіл күй жатыр.

Алғаш рет З.Қабдоловтың ұстазының жазу бөлмесіне кіріп барғанда көрген көрінісі оның ішінде болып жатқан сезімдерден сыр шертеді. Естеліктерінен де елестету психологиясын аңдауға болады. Ғалымның «Менің Әуезовім» роман-эссесін оқи отырып, оның жасаған іс-қимылдарынан оның флегматик темпераментіне жататынын байқауға болады. Адам бойында темпераменттің 4 түрі де кездеседі. Алайда, қайсы темпераменттің әлдебір типі басым болса, сол түрге жататынын ғалымдар да дәлелдеп келеді.

Қорыта айтқанда, Зейнолла Қабдоловтың «Менің Әуезовім» роман-эссесі арқылы ғалымның психологиясын зерттеп, зерделеуге әбден болады. Адам жанының рухын сезініп білу арқылы, адамзаттық құндылықтарды да аша түсетініміз даусыз. Ғалым психологиясын зерттеу дәл бүгінгі таңда «Психологиялық әдебиеттану» пәнінің негізгі нәтижесі әрі қорытындысы деп көрсетуге болады.

**Серік ҚАЛИЕВ,
«Әдебиеттану» мамандығының 1-курс докторанты:**

ЕСІМІ АЛТЫН ӘРІПТЕРМЕН ЖАЗЫЛДЫ

Академик-жазушы Зейнолла Қабдолов қазақ әдебиетіне орасан зор қызмет еткен тұлға. Есімі алтын әріптермен жазылатын академик-ғалымдарымыздың, ұлағатты ұстаздарымыздың бірі.

Айгүл ӨТЕМІС, докторант:

АБАЙДЫҢ НҰРЛЫ АҚЫЛ ТҰЖЫРЫМЫ ЕСКЕ ТҮСЕДІ

Ғалым психологиясын ашу үшін ғалымның жас кезінен бастап көрген өмірін, тәлім-тәрбиесін, айналасын, оның дос-жарандарымен де байланысынан ақпараттар алынып, ғалымдық дәрежеге жеткенге дейінгі психологиялық кешкен күйлерінен сыр шерту керек. Ғалым Зейнолла Қабдолов өзінің ұстазын пір тұтты. Тіпті, оның сырт кейпін

Ғылымда тұлғалық белгілер – адамның даралық ерекшеліктерін көрсететін, психологиялық және физиологиялық элементтерін және оның ойлауы мен іс-әрекетін сипаттайтын өмір бойы қалыптасатын психофизиологиялық жүйе бар. Тұлғаның өте жоғары нәтижеге жетуінің тұрақты ұмтылысы ретінде жұмысты тез, әрі дұрыс орындау тілегі ретінде анықталатын жетістікке жету мотивін ең алғаш рет Мюррей қарастырған. Осы мотивті З.Қабдолов бойынан толықтай көре аламыз.

суреттеген кезде де маңдайының өзін Сократтың маңдайына теңеді. Дәрісханаға кіріп келе жатқан М.Әуезовті «Ұлылыққа» теңеген жоқ па? Ғалымның мінез-құлқына келер болсақ, байсалды, сабырлы, әр нәрсеге күйіп-пісе бермейтін сондай салмақты, мейірімді болғаны ақиқат. Себебі, Абайдың нұрлы ақыл тұжырымы еске түскенде дәл осы З.Қабдоловтың нұрлы жүзі, жалындап тұратын көз жанары, мейірімділігі ассоциацияланады. Сондай-ақ, адам мінез-құлқын ашып көрсеткен де, оның темпераментін де айта кеткен жөн деп санаймын.

Бетті дайындаған Рая ЕСКЕНДІР.



НАРЫҚ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ

Қашып құтыла алмайтын нәрсе

Қазақта «Қарыз күліп келіп, жылап қайтады» деген тәмсіл бар. Бекерге айтылмаса керек. Қазақ қоғамында несиеcін өтей алмай, пұшайман күйде жүргендер аз емес. Сондай кісілердің біркатары редакциямызға қоңырау шалғаны бар. Содан соң... бүгінде қарызсыз қазақ жоқ па деп қалдым. Әлбетте, банк пен шағын кредитор ұйымдардан несие алып, бар тапқан несібесін бала-шағасының аузынан жырып, соған құйып жүргендердің қарасы қалың. «Несие алмасам, несиеме тойлаймын» дейтін бір құрдасым. Сол айтпақшы, басым жұрттың несиеге байланғаны рас. Ашығын айтқанда, солай.

АҚШ-тың іргетасын қалаған саясаткердің бірінің: «Екі нәрседен құтылуға болмайды, ол – өлім мен салық» дегені бар. Ал қазақ халқы соны үшінші ұғыммен: «Қазақ қоғамының қашып құтыла алмайтыны – несие» деп толықтырар еді. Несие алғанда – бір, жапқанда – екінші рет той жасайтын қазекеме береке берсін. Әзіл – әзілімен, әлбетте, инфляцияның жоғары деңгейі мен қаржылай сауаттылықтың төмен болуы халықты банкке тәуелді етіп, несиеге емексітіп отырғаны сөзсіз.

Редакцияға қоңырау шалған алматылық Гүлжауһар есімді жас әйел 19 жастағы тұңғышының несие алып, енді не істерін білмей, сан соғып жүргенін айтып, мұнын шақты. Қайтсін, байғұс, журналистер өзекті мәселеге тікелей кірісетіндей көреді ғой. Ұлы несие алған шағын қаржылық ұйым берешегі ұзарып бара жатқан соң бүкіл өндіру жөніндегі мәліметті коллектор компанияға өткізген. Ал коллектор компания баласының бүкіл қарызын анасының мойнына артып отыр. Мұны ұялы телефонынан келген хабарламадан оқып, аһ ұрған. «Неге бұлай? Мұнысы заңсыз емес пе? Ұлымыз арамызда, не алып, не қойып жүргенінде шаруам жоқ. Осы күнгі жастар ақылдасатын ба еді...», – дейді біраздан бері көз жұмған күйеуінің қазасынан жүдеп жүрген әйел байғұс.

Гүлжауһар сынды бірнеше адамның заемға барып, несие алып, енді зар қағып жүрген жайын естідік. Бөліп берер ақшамыз болмаса да, қолдан келгенше кеңесімзді айтып, бағыт-бағдар сілтедік. Заңгерге де хабарластық. Ол да заңдық жолын тәптіштеп түсіндіріп берді. Міне, осылай бірсыпыра жұрттың қарызға белшеден батып жүргені рас. Соның ішінде жастардың үлесі басымдау.

Оның үстіне, жастық желік деген бар. «Несие деген не, тәйірі. Тауып берерміз...» деген желөкпелік соңыра соңынан қалмайтынын ақша қолға тиерде ескермесі анық. Жауапсыздықтың соңы жауапкершілікке тартылуға сеп болатыны содан. Тіпті, сотқа сүйрейтінін қайтерсін. «Заң – баршаға ортақ» демекші, олар да жеке не заңды кәсіпкер ретінде әділет органында тіркелген, мемлекетке салық төлейді. Айта кетерлігі, жастар электронды түрде осыған дейін кез келген шағын кредиттік ұйымға ойланбастан 100 мың, не 200 мың теңгеге тапсырыс беруге болатынын білді. Іле-шала терминалдан оны шешіп ала алатын. Жаңа жылдан бастап несие берушілер де жаңылыс басқан қадамын түсінгенде, несие алушылар да саябырсыды.

«Бұл не деген батпанқұйрық» дейтін аларман жоқ. Мерзімді уақыты келгенге дейін ойланпайды. Содан соң «Ойбай!». Тықыр таянғанда барып, баз кешетін осындайлар жетеді. Әсіресе, жастар арасында. Шыны керек, биылға дейін жауыннан соңғы саңырауқұлақтай қаптаған шағын кредиттік ұйымдардың жарнамасы жарып тұрды. Көшедегі кез келген бағанада қаптаған хабарлама. Қаржылық ұйымның «тұрақты жұмыс талап етілмейді, бірыңғай зейнетақы қорындағы салымды санамаймыз, «қара тізімге» қарамаймыз дейтіндерін қайтерсін?.. Жасыратыны жоқ, осындай мәтін өріп жүрді. Мұны оқып-көріп жастарымыз желікпей қайтсін...

Бір қарағанда, несиелік ұйымның көбінде жұмыс принципі заңды, нормативтік-құқықтық құжаттары сай. Шағын кәсіп ретінде әділет органында тіркелген. Айтпақшы, шағын кредиторлық ұйымның пайыздық мөлшерлемесі де жоғары. 100 мың теңге алып, жарты жылда «мерзімі өткен қарызыңды» үш есе, үш айда бірнеше үстемелеп төлеуге тура келеді. Енді сол бұрқыратып жарнамалатып тұрған сол компаниялар жыл басынан бері сәл бәсеңсіп қалғандай. Оның да себебі жоқ емес.

ЗАЕМНЫҢ ЗАРЫ

«Қарыз күліп келіп, жылап қайтады»...



Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҚЫ.

«Борышкерлер құқығын қорғау үшін несие беру туралы заңнамаға енгізілетін түзетулер әзірленді. Бұл өзгерістер банктерге, микрокредит ұйымдарына және коллектор агенттіктеріне талапты одан да күшейте түседі. Несиелерді коллектор компанияларына сатуды шектеу ұсынылады. Коллектор компаниялары қарызды өзіне алған соң мәселені реттеп көруге міндетті болады. Банк омбудсменінің өкілеттігі де кеңейтіледі. Қазір бұл құжатты Мәжіліс депутаттары қарап жатыр. Мен бұл бастаманы қолдауға дайынмын», – деген болатын Президент.

Қаржылық сауаттылықтың төмендігінен бе?

Бізге осы бір жанайқайды жариялауға тура келді. Не істемек керек? Баяғы жартас – сол жартас. «Жартасқа бардым, айқайды салдым» дегендей-ақ. Күрделі мәселе сол күйінше. Екінші деңгейлі банктерді айтпағанда, борышкерлерді шағын қаржылық-кредиторлық ұйымдар, олармен мәмілеге келген коллекторлық компаниялар қос бүйірден қысып тастаған. «Біреу біреудің жоғын ән айтып жүріп іздейді» демекші, қаржыгерлер немкетті күйден айырылар емес. Өйтсе де, «өгізді де өлтірмей, арбаны да сындырмай» шешудің жолы табылмайды дегенге кім сенеді?.. Жасыратыны жоқ, «бұдан құтылудың жолы – өлім» деп суицидке ұрынып жатқандар да жоқ емес. Статистика мұны жасыра алмайды.

Азаматтардың қарызға белшеден батуының себебі, осы бір күрмеулі мәселенің жалпыжұрттың әлеуметтік жағдайына да тікелей байланысы бар. Әрі бұл мәжбүрліктен болатын (жұрттың қаражаты жеткілікті болса, несиеде несі бар?) жадағай жағдай еліміздегі қаржы жүйесінің тұрақтылығына тікелей әсер ететіні бәсеңден белгілі. Айлығы шайлығына әрең жетіп тұрса да, амалсыз несие алады. Бәрі күнкөріс қамы. Адамның тіршілігі таусылған ба?

Қоғамды алаңдатып отырған жағдайға Мемлекет басшысы да бей-жай қарай алмайтынын жасырмады. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Егемен Қазақстан» газетіне берген сұхбатында ел-жұртты елендетіп отырған осы бір мәселеге ерекше мән берді.

«2019 жылы Мемлекет басшысы ретінде қол қойған алғашқы құжаттың бірі қиын жағдайға тап болған азаматтардың борышын азайту туралы Жарлық еді. Сол уақытта 500 мың адамның кепілсіз алған несиеcі кешірілді. Бұл – бірреттік шара болатын. Ал 2023 жылы жеке тұлғалардың банкроттығы туралы заң күшіне енді. Мұның бәрі мәселенің ушығып кетпеуіне ықпал етті. Осы жағдайды түбегейлі өзгерту үшін былтырғы Жолдауымда Үкіметке тың шараларды қолға алуды тапсырдым», – деп Мемлекет басшысы елін елендеткен мәселеге ерекше тоқталды.

Президентіміз «Негізінен, бұл жағдайға жұрттың қаржылық сауаттылығының төмендігі себеп болып отыр. Екінші жағынан, тұтыну несиеcін беру тәртібін және коллектор ұйымдарының қызметін қатаң реттеу керек», – деп қадап айтты. Осы жолда нақты шаралар қолға алынууда. Мәселен, кейінгі кездері банктер мен микрокредит ұйымдарына қойылатын

тұтыну несиеcі капиталының көлеміне қатысты талап бес есеге артты.

Аталған сұхбатта «Төлеу мерзімі өтіп кеткен берешегі бар адамдарға несие беруге тыйым салынды. Сондай-ақ, қарызын уақытылы өтей алмаған борышкерге 90 күннен әрі айыппұл салуға болмайды. Коллектор агенттіктеріне тұрақты тексеру жүргізіледі», – деген Мемлекет басшысының сөзін қаржылық ұйымдар қаперіне алып, мұқият ескеру керек. Алайда, қаржылық-кредиттік ұйымдар осы «тоқсан күнді» қаперден шығарып алғандай. Бізге хабарласқан борышкерлердің бірі жұмысы, жағдайы болмағанын мәлімдеп, кредиттік ұйымға хабарласыпты. Ал берешегінің кідіріс болғанына төртінші айға басса да, әлі күнге үстеме жүріп жатқанын мәлімдеді.

Мәжілістің Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің мүшесі Марат Бәшімовтің айтуынша, **«Банк несиелері және қарыз алушылардың құқығын қорғау туралы» заң жобасын талқылау қызу пікірталас тудырған. «Несиеңің жеңілдігі туралы интрузивті жарнама қарапайым жұртты «мақұлдады» қылып, құлдыққа әкелуде. Банктер мен микронесие ұйымдарының жауапсыздығы көптеген мәселені туындатуда. Микронесие ұйымдарын жауып, банктер туралы заңды қатайту қажет», – деп жазды Мәжіліс депутаты Facebook әлеуметтік желісіндегі парақшасында.**

Былтыр халықтың қарызы 30 пайызға өскен

Алматыға қысқы каникулға келгенінде Сенат депутаты Нұртөре Жүсіпке осы несие төңірегінде сауал тастағанымыз бар. «Қабылданар заң жобасында 21 жасқа дейінгілерге несие беру тәртібі қарастырылмақ» деген-тін. Бұл жәйт заңда осылай қабылданып кетсе, осы жасқа толмаған студент-жастардың біраз бөлігі несиеден қағылады деген сөз. Несиеңің жеңілдігі туралы интрузивті жарнама, парламен-

тарийлердің пікірінше, қазақстандықтарды құлдыққа жетелейді. Отандық біраз депутат шағын несие ұйымдарын жауып, банктер туралы заңды қатайтуды ұсынғанын байқадық. Дұрыс.

Таяуда «Бірінші кредиттік бюро» өкілдері Алматыда баспасөз мәслихатын ұйымдастырып, өткен жылды қорытындылап, несие нарығының жай-күйін баян етті. Несие алатын адамдардың негізгі жас категориясына тоқталған бюро басшысы Руслан Омаров: «30–44 жас аралығындағы адамдар тұтынушылық мақсатта 4,203 млрд теңге көлемінде кепілсіз несие алған. Бұл – кепілсіз несие алушылардың ең көп бөлігі. 18–22 аралығындағы азаматтар 476 млн теңге көлемінде несие алған. Яки, тұтынушылық несие алатын адамдардың негізгі жасы 30–44 жас аралығында», – деп мәлім етті. Сондай-ақ, «Бірінші кредиттік бюроның» басшысы халықтың қарызы өткен жылы 30 пайызға өскенін мәлімдеді.

«Бірінші кредиттік бюроның» басшысының айтуынша, елдегі қаржылай сауаттылықтың деңгейі кішкене көтеріліпті. Оның айтуынша, былтыр 828 мың отандасымыз «дербес несие есебін» алған. Демек, несие тарихына көңіл бөле бастағандықты білдіреді. Сондай-ақ, қаржы саласының маманы жерлестерімізді «дербес несие есебін» жыл сайын тексеріп тұруға шақырды.

Ресми дерекке сүйенсек, жалпы кепілсіз несие көлемі 9,5 трлн теңгені құрайды. Былтырғы 1 қаңтардан биылғы 1 қаңтарға дейін қарыз бір жыл ішінде 28,9 пайызға (2,1 трлн теңге) өскен. Былтыр ипотека алушылардың 20 пайызы 30 жасқа дейінгі азаматтар болған. Ал берілген ипотеканың орташа көлемі – 15 млн теңгеге жеткен. Бір қызығы, ипотекаға алынған ең қымбат үйдің құны – 2,1 млрд теңге. Ал автонесиелеу былтыр рекордтық көрсеткішке жеткен. Бұрнағы жылмен салыстырғанда, былтыр автокөлікке берілген қарыздың жалпы көлемі екі еселей өскен.

Жалпы, мұндайда қос тараптың да жауапсыздығы аңғарылады. Бірі ойланбай (батпан құйрықтай көрсетіп) ақша берсе, екіншісі оны (несиені) ойланбай алған. Жалақысы кешіккеннен бастап, маза жоқ. Жағдайды айтып, түсіндіріп жатқан бұл жоқ. Оған қарап жатқан ол жоқ. Жалақы демекші, қаншама жұмыссыз несие алып, жансауғалап жүргені сол қаржылық-кредиторлық ұйымдардың өзіне мәлім. Несиенді төлей алмасаң, қадамың қысқаратыны бар. Алысқа ұзай алмайсың, шетелді айтпағанда, ұшақпен ұшпайсың, пойызға мінбейсің. Несиенің алдыңнан ербиіп шығып, ешжаққа беттеспейді.

Жұмыс істейсің бе? Қайда? Төлем қабілетің қалай? Зейнетақы қорына деген салымыңда, тіпті, шаруасы жоқ. Несие берерде осындай мәліметті егжей-тегжейлі зерделеп алмай, жауапсыздық танытқан кредиттік компаниялар бар жауапкершілікті коллектор компанияның мойнына артып қойып, «әуселенді көрейін» дейтіндей. Бірін де ескеріп жатпай, тек үстеме ақшаға құныққан шағын кредиторлық ұйымдар «іс бітті» дегендей, несиеcін кредитор компанияға сатқанына мәз. Ал борышкердің берекесі қашып жүр. Алғаны үш жүз мың теңге, төлемі – төрт жүз мың теңге. Осы мәселені реттеуде қандай қам-қарекет жасалуда? Әзірге бұл жағы мардымсыз.



**Бетті дайындаған
Айнабай МӘДИ.**



● ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

Бақытын өзге ұлттан тауып, діні мен ділі, салты мен дәстүрі бөлек шетел азаматтарымен көңіл жарастыру етек алып барады. Мәселен, елімізде жыл сайын 100 мыңға жуық неке қиылса, соның ішінде 20 мыңы, яғни 20%-ы аралас неке. Ұлтаралық некенің көбеюіне не себеп? Шетелдіктермен құда болу сән бе, әлде ұлт рухының әлсіздігі ме?

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Аралас неке мәселесі қозғала қалса, қоғам пікірі екіге жарылады. Алғашқылары, махаббат ұлтқа бөлінбейді, ол әркімнің өз еркіндегі шаруа десе, екінші топ аралас неке ұлт тағдырына әсер етуі мүмкін, сондықтан қан тазалығын лайламай, қазақтың қазақпен ғана шаңырақ көтергенін қайырлы деп есептейді.

Иә, ұлтаралық неке бұрын да болған. Бірақ ол кезде өзге ұлт өкілдерімен отау құру ерікті түрде жүзеге асты деп ешкім дөп басып айта алмайды. Себебі, сонау қуғын-сүргін заманында қазақ азаматтарының жан бағыс үшін өзге ұлт өкілдеріне амалсыз үйленгені, патшалық Ресейдің қазақты отарлау саясатын жүргізу кезінде де орыс мұжықтарының қазақ қыздарын еркінен тыс зорлықпен алғаны тарихтан мәлім. Демек, сол заманда аралас неке ұлтты жоюдың бірден-бір төте жолы болғаны анық. Бұлай деуімізге мына бір дерек те негіз болып тұр. 1940 жылы Кеңес Одағы өзінің құрамында өмір сүріп жатқан 130 ұлтқа зерттеу жүргізген екен. Мақсат – орыстармен үйленген басқа ұлт өкілдерінің санын білу болыпты. Сонда қазақтар латвиялықтардан кейін екінші орынды иеленген-мыс. Ал бертін келе, қазақ зиялыларының өзге ұлттың қыздарымен отау құруы жиілей түскені де баршаға аян.

Сандар сөйлесін...

Елімізде аралас неке саны 1950 жылдары тың игеру кезінде күрт өсіпті. Деректерге көз жүгіртсек, қазақтардың басқа ұлт өкілдерімен некеге тұру үлесі 1959 жылы – 14,4%, 1970 жылы – 20,6%, 1979 жылы – 21,5%, 1989 жылы 23,9%-ды құраған. Демек, КСРО заманында еліміздегі әрбір 4-ші азамат аралас некені құп көрген. Тәуелсіздік алғаннан кейін де ұлтаралық некенің саны азайды деп айта алмаймыз. Мәселен, 2010 жылы 90873 жас шаңырақ көтерсе, оның – 18477, яғни 20%-ы аралас некені құп көрген. 2011 жылы отбасын құрған қазақтар 52636 болса, аралас некеге тұрғандары 3927 болыпты.

Біз 2023 жылы қанша аралас неке тіркелгенін білу мақсатында ҚР Ұлттық статистика бюросының мамандарына хабарласқанымызда, мұндай ақпараттар, яғни 10 жылда бір рет сәуір айында шығарылатынын білдік. Ал 2022 жылғы деректер мынадай екен. Еліміз бойынша ұлтаралық некеге тұрғандар саны – 128 359, оның ішінде 88 560 қазақ азаматы басқа ұлт өкілдерімен отау құрған.

Шетел асқан арулар

«Сұрағаның алдыңнан іздемей-ақ табылар» демекші, әлеуметтік желі арқылы әлемнің қай түкпірінен болса да ақпарат алуға мүмкіндік зор. Аралас некенің көбеюіне ғаламтор, ұялы телефон мен танысу агенттіктері жұмыстарының «үлесі» баршылық. Мақала жазу барысында шетелдіктермен неке құрған түрлі тағдыр иелерінің өмірімен таныстым. Сондағы байқағаным, мұхит асып, шетелге қоныс аударған қазақтың қарақөз қыздары көп екен. Бүгінде олардың алды бес баладан тәрбиеленп отыр. Өкініштісі сол, қарақөздерден туған біздің «жиендер» қазақша сөйлемейді. Себебі, оның әкесі қазақ емес.

Бір мысал келтірейін. Естеріңізде ме, әлеуметтік желіде «жаным баклажаным» лақап атымен танымал болған блогер Айдын Токсанбаева есімді қазақ қызы бүгінде филиппиндік жігітке тұрмысқа шығыпты. АҚШ-тың Чикаго қаласында тұратын қарақөзіміздің 4 бірдей ұлы бар. Ұлдарын асырау үшін нәпақа табу мақсатында барған ол жұбайымен жұмыс істеп жүргенде танысқан. «Жүрекке әмір жүрмейді. Туған жерімді қиямаймын, бірақ 4 бірдей ұлымды бағып-қағып, тәрбиелеуім керек. Барлығы қазақша

жақсы біледі. Бірақ уақыт өте келе ана тілдерін ұмытып қалуы мүмкін. Өйткені, қазір олар «әкелерімен» ағылшын тілінде сөйлеседі» дейді ол. Ал қара нәсілді азаматқа жар болған ақтөбелік ару бүгінде 5 бірдей қарадомалақтың анасы атаныпты.

Иә, қазақтың жігіті өзге ұлттың қызына үйленсе, ұрпағының төлқұжатына қазақ болып жазылатыны анық. Бірақ оның анасы басқа ғой. «Жігіттің жақсы болуы нағашыдан» дейді. Көп жағдайда балаларымыздың анасының туыстарына біртабан жақын болатынын ескерсек, қазақтан туған балалардың өзі ананың тілінде сөйлеп, ананың көзқарасымен өмір сүретінін ұмытпасақ керек. Жақында менің құрбым қызын ұзатып, кәріс ұлтымен құда болды. Алғашында кірпіше жиырылып, қабылдағысы келмеген қыздың ата-анасы, «балам, бақытты болсын, амалым не!» деп ағайын-туыстың басын қосып, дүркіретіп той жасап шығарып салды. Сөйтті де, қазақтың тағы бір қарақөзі шетел асып кете барды. Тізе берсек, мұндай мысалдар шаш-етектен.

Тілге зардабын тигізеді

Талқыға түскен тақырыбымыз бүгінгі таңда да өзекті. Өйткені, аралас неке бүгін де бар. Әлі де бола беретін секілді. Неге десеніз, қазіргі таңда төс жеп, төрде отырған шетелдік күйеу бала да, өзге ұлттан қазаққа келін болып, ақ босаға аттаған қыздар да бізде көп.

Бір таңқаларлығы, көпшілік арасында бұл үрдісті қалыпты жағдай деп қабылдайтындыр көп. Шетелдіктермен құда болу сәнге айналғаны соншалық, әлеуметтік желіге түрік, кәріс, қытай, ағылшын құдаларын жарыса жарнамалайтын болды. Бірақ оның қазақ үшін қандай пайдасы бар? Егер әркім өз тағдырының қожайыны деп қыздарымызды шетел асырып, ұлдарымызға бөгде елден келін әкелуіне рұқсат берсек, қазақтың көсегісін кім көгертеді? Әрі-беріден соң бұл мәселеге мемлекет тарапынан қандай да бір тосқауыл немесе шара қолдану қажет емес пе? Неге біз шетпен құда болуға құмар болып барамыз? Маған кейде сол шетел азаматтарының қазақтармен некелесуінің астарында азаматтық алу секілді ниет бар ма деген ой келеді. Өйткені, біздің заң бойынша шетелдіктер өз елінде некеге тұрмаған деген

АРАЛАС НЕКЕ

ҰЛТ РУХЫНЫҢ ӘЛСІЗДІГІ МЕ?



Коллажды жасаған Нұрбосы ӨРІСҰЛЫ.

● СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Елбек ТАСБОЛАТУЛЫ,
ҚМБД Шарият және пәтуа бөлімінің маманы:

Шарт еленбеген кезде мәселе туындайды

Аралас некеге тоқталмас бұрын, бізге бірінші некенің шарттарын білу керек. Мұсылманшылықта некенің шарты не? Неке қашан дұрыс болады? Жалпы, некелесуде ең бірінші ата-ананың ризашылығы, яғни уәли керек. Қыз бен ұл отау құратын кезде екі жақтың да әкелері риза болуы тиіс. Бұл шарт болып табылады. Осы шарт еленбеген кезде көп проблемалар туындайды. Қыз баласы мұсылман бола тұрып, діні басқа ұлт өкіліне тұрмысқа шығуға дінде рұқсат жоқ. Ислам діні бойынша ол неке болып есептелмейді. Біздегі ұлтаралық некенің көбеюіне себеп – ұлттық тетіктерімізді жоғалтып алғандығымыз. Қазір ұлттық идеология бар дегенімізбен, өте әлсіз жұмыс істеп жатыр.

Дамыған елдер секілді біз де өзіміздің қазақ екенімізді тілімізбен ғана емес, ісімізбен, жүрегімізбен мақтана білуіміз керек. Бүгінгі қазақтардың қазақша сөйлемей жатқаны бұл әлі өзімізді-өзіміз таппағанымыздың, ұлттық кодымызды әлі өзімізге қайтара алмағандығымызды көрсетеді. Міне, осы ұлттық идеология жағынан тоқырауымыздың салдары аралас некенің көбеюіне әсер етуде. Қазақ жігіттерінің басқа ұлттарға қарағанда дөрекілеу келуі, романтиканың аздығы, жағдайдың төмендігі... Осының барлығы қарақөздердің дініне, ұлтына қарамай, ақша үшін шетелге кетуіне себеп болып отыр. Оны мойындауымыз керек.

Сержан БАУЫРЖАНҰЛЫ,
Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің 4-курс студенті:

Өзге ұлттан жеңгем жоқ, өзге ұлттан жездем жоқ!

Қазақ қыздарының басқа ұлтқа тұрмысқа шығуына өз басым түбегейлі қарсымын. Қазақтың қыздары қазаққа тұрмысқа шығып, қазақтың санын көбейту керек. Менің өзге ұлттан жездем де жоқ, жеңгем де жоқ. Мен қарындастарымды ешқашан басқа ұлттың жігітіне бермеймін. Біз, жігіттер, намысты болуымыз керек. Әлеуметтік желіден қап-қара жігіттің қолынан ұстаған, көзі қысық жігітпен құшақтасып бара жатқан қазақ қыздарын көргенде, қызғанып кетемін. Біз ұлтжанды болуымыз керек, сонда ешқашан адаспаймыз.

анықтама әкелсе, еш қиындықсыз отбасын құруға болады дегенді естігенмін.

Аралас некенің көбеюіне тағы бір себеп – бұл ең бірінші қазақтың қазақты менсінбеуінен, «өзгенің қаңсығын таңсық» көріп, батысқа қарай бет алудан, байлыққа қызығудан шығып жатыр. Өйтпесе, неге біз өз жерімізде жүріп өзгенің тілінде сөйлейміз? Қазір кім көп, тілі шұбарланған қазақ көп. Жиындарға барсаң, арасында отырған

бір басқа ұлт өкілі болса, сол үшін бүкіл қазақ тілімізді бұрап шүлдірлеуге мәжбүрміз. Шенеуніктердің басым көпшілігі орысша ойлап, орысша сөйлейді. Қызмет түрлерін пайдаланарда да алдыңнан кесекөлденең орыс тілі үстемдік құрып тұрады. Демек, тілге де зардабын тигізеді. Ал қатынас құралы – тіл бұзылған кезде ұлтқа деген жанашырлық жойылады. Ендеше, аралас неке де біздің айымызды оңынан тудырмасы анық.



● ЭБДІЛДА ТӘЖІБАЕВ – 115



СҮЛУ СЫРДЫҢ СҮЛЕЙІ

Биыл қазақ поэзиясының алыбы атанған Әбділда Тәжібаевтың туғанына 115 жыл толады. Осынау айтулы мерейтойға орай, Жамбыл атындағы қалалық жасөспірімдер кітапханасында қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, ақын, драматург, әдебиеттанушы Әбділда Тәжібаевқа арналған «Өмір және поэзия» атты әдеби кеш болып өтті.

Рая
ЕСКЕНДІР

Кешке белгілі ақын, Бүкіл түркі дүниесі ақындары фестивалінің жеңімпазы Болат Шарахымбай арнайы қонақ болып қатысты. Кешті кітапхана қызметкері Айбын Ахмдиев жүргізді.

Кеш Әбділда Тәжібаевтың шығармашылығына арналған көрмені тамашалаумен басталды. Қадірлі қонақ Болат Шарахымбай Сыр өңірінде дүниеге келіп, өткен ғасырдың 30–50-жылдары елімізде әдебиет ісін ұйымдастырушы қайраткерлерінің біріне айналған ақын, «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы, кейіннен 1934 жылы Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы болып қызмет істеген Әбділда Тәжібаевтың шығар-

машылық, қайраткерлік қырларына кеңінен тоқталып, оның қиын да күрделі тағдыры жайлы әңгімелеп берді.

«Әбділда Тәжібаев – поэзияда үлкен із қалдырған, лирика мен поэма жанрын қатар дамытқан қазақтың классик ақыны. Кезінде ақынның қаламынан «Абыл», «Оркестр», «Сырдария» сияқты 30-дан астам поэма туған еді. Жалпы, Әбділда ақынның лирикалары шыншылдығымен ерекшеленеді», – деді Болат Шарахымбай.

Әдеби іс-шараға қаламыздағы №40, 69, 143 мектеп және Талғар қаласынан келген мектеп оқушылары, Абай атындағы ҚазҰПУ, Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің студенттері қатысты. Өз кезегінде жастар Ә.Тәжібаевтың өлеңдерін жарыса оқып, кеш көрігін қыздырды.

● ТҮЛҒА

КИНО ЖӘНЕ ТЕАТР ТАРЛАНЫ

Асанәлі Әшімовтің құрметіне музей-бұрыш ашылды

Қазақстан және КСРО еңбек сіңірген әртісі, Мемлекеттік сыйлықтардың иегері, Қазақстанның Еңбек Ері, кино және театр әртісі, профессор, Театрлар қауымдастығының президенті Асанәлі Әшімов жеке қолжазбаларын, марапаттары мен кітаптарын, киноға түскенде қолданған заттарын Мемлекеттік архивке тапсырды.

Ернұр
РЫСБАЙ

Қалалық Мәдениет басқармасы Мемлекеттік архивте дара тұлғаның құрметіне «Кино және театр тарланы – Асанәлі» музей-бұрышын ашты. Енді ел азаматтары Асанәлі Әшімұлына қатысты 200-ден астам құжат пен экспонатты тамашалап, зерттей алады. Ол үшін архивке алдын ала өтінім беру қажет. Салтанатты іс-шара Алматы қаласы Мәдениет басқармасының қолдауымен өткізілді. Жиынға зиялы қауым өкілдері, жакындары, туыстары мен шәкірттері қатысты.

– Менің құрметіме музейден бұрыш ашылып жатқанына қуаныштымын. Еңбекпен келген әр зат мен үшін бағалы. Қарап отырсам, мұның бәрі қазір – та-



рих. Біз көп болса жүз жасармыз, ал бұл заттар мың жасайды. Бұл бұрыштың жұмысымен Алматы қаласының архиві көптен бері айналысып келеді. Мұнда жалғыз менің ғана емес, басқа да тұлғалардың заттары қойылған. Бұрыштың орны келешек ұрпақ үшін ерекше. Сондықтан бұл бастамаға оң көзбен қараған дұрыс. Архив қызметкерлері заттарыма ұқыпты қарайтынына сенімдімін. Сондықтан барымды осында тапсырдым, – деді А.Әшімов.

Алматы қаласы мемлекеттік архивінің директоры Абзал Бата-новтың айтуынша, танымал тұлғалардың жеке бұрышы маңызды рөл атқарады. Сондықтан осы салада көптеген жұмыстар атқарылууда.

– Біз мұндай жұмыстарды елімізде алғаш жасап жатырмыз десек болады. Алайда, бұл әлемде бар тәжірибе. Мемлекеттік архивтің міндеті құнды заттарды сақтап қана қоймай, бай мұрамызды одан ары байыту болып табылады. Асанәлі Әшімовтің қоры алғаш 2011 жылы ашылған болатын. Содан бері біз жақсы доспыз десем болады. Жалпы, бұл жерде қоры бар тұлғалар, архивті өз үйіндей көреді. Олардың қорлары уақыт өткен сайын толығып отыратын болады, – деді А.Батанов.

Салтанатты іс-шараның соңында Асанәлі Әшімовтің шәкірттері, «Жаңа ғасыр» театрының өнерпаздары «Туған жер», «Аға» әндерін орындады.

● ЕҢБЕК АДАМЫ

ЖҮРЕК ҚАЛАУЫ

Озық ойлы, санасы сергек,
тәуекелшіл адамдар арамызда жүр

Бүгінгі күні қоғамда болып жатқан саяси, экономикалық және басқа да салаларда көрініс тауып жатқан түбегейлі өзгерістер ел дамуына ғана әсер етіп қоймай, азаматтарымыздың санасына да сілкіністер әкелуде.

Нұржамал
ӘЛШЕВА

Қай сала болмасын, ондағы тетіктерді жетілдіру, әлдебір жаңашылдықтар әкелу үшін ақыл-ой ресурстары, яғни көп күш-қайрат, ерік-жігер, сонымен қатар өркениет биігіне жеткен озық елдердің тәжірибесі ауадай қажет.

Ал бұл орайда адам факторының, яғни белсенді азаматтық ұстанымы бар жандардың рөлі маңызды. Олар – бүгінгі заман талабын ескере отырып, қоғамға не керек екенін жақсы білетін, соған қарай оңтайлы әрекет ететіндер. Сондай замандастарымыздың бірі – Әсел ОРАЗБАЕВА.

Әсел бала кезінен сергек ойлы, тәуекелшіл болды. Күрделі дүниелерден қашпайтын, қайта ағысқа қарсы жүзіп, өзін қызықтырған тақырыптардың шешімін таппайынша тыным көрмейтін. Ол салмақты мінезіне қарамастан, қатарластарының арасында көзге түсуге ұмтылмаса да, өзінің көшбасшылық қасиеттерін ерте жастан таныта білді.

Алғашқы жоғары білімін І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінде алды. Экономист және қаржыгер мамандығын меңгеріп



шыққан бойжеткен оқуын әрі қарай жалғастыруды ұйғарып, Астанадағы Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясына оқуға түседі. Ал мемлекеттік қызметтегі еңбек жолы 2003 жылы Талдықорған қалалық Қазынашылық басқармасында кадр жұмысы бөлімінің бас маманы лауазымынан басталды. Жас маман жаңа ортада білімді, ұстамды, жауапкершілігі мол, тыңғылықты, үлкен-кішімен тең тіл табыса білетін қасиеттерімен бірден көзге түседі. Сондықтан болар, көп ұзамай Әсел жергілікті бюджетке төлем шоттарын бекіту бөліміне бас қазынашы болып тағайындалады.

Ал 2005 жылы «Қазақстан Халық банкі» ААҚ Алматы облыстық филиа-

лына жұмысқа орналасып, Астана қаласы бойынша Қазынашылық департаментінде Мемлекеттік бюджетті атқару департаментінің «бас маман-бас қазынашысы» лауазымына конкурспен өтті. Жалпы, Әсел Оразбаеваның мемлекеттік органдарда атқарған еңбек өтілі 18 жылға жуықтады.

Табысты адамдардың құпиясы қарапайым, олар қол жеткізген бүгінгі табысын місе тұтып қарап отырмайды, жеңістің бір шыңын бағындырған соң, келесі биікке көтерілу жолын іздейді. Әсел де осы санаттағы адамдар қатарынан. Ол 2022 жылы ағылшын тілін жетілдіру үшін әйгілі американдық «Discovery Learning center» орталығынан курстан өтеді. Ал өткен жылы кәсіпкер болсам деген көп жылғы арманына жетіп, «Business protection & advice» ЖШС негізін қалады. Қазіргі күні барлық күш-жігерін осы бағытта жұмсап жүр. Себебі, бизнесті нөлден бастаған адам үшін бұл оңай шаруа емес. Ол үшін уақытпен ұштасып, заман көшінен бір елі де қалып қоймай, алысты болжай білетін қабілетіңіз және табысты болудың қыр-сырын меңгеруіңіз қажет. Сондай-ақ, жеңістермен қатар кей сәттерде жеңілістер де бірге ілесіп жүретініне әркез дайын бола білу де Әсел секілді көшбасшы жандарға тән қасиет.

Иә, Әсел осынау өзі өмір сүріп отырған ортаға бей-жай қарай алмайтын, қоғамға жақсы нәрсе берсем деп, сол жолда тыным таппайтын жан-жақты адам. Ол республикалық ауқымды форумдарға қатысып, беделді сарапшы қызметін де атқарып жүр, білгенін көппен бөлісіп, керек жерінде кеңес те береді.

Оның қызметінің тағы бір маңызды бөлігі – қайырымдылықпен айналысу. Ол қайырымдылық іс-әрекеттерін көптің көзіне түсу немесе мақтан үшін жасамайды, өзгелерге де болсыншы дейтін жүрек қалауы солай. Сондықтан да оны танитындар ерекше құрмет тұтады. Ал адам үшін ең маңыздысы – жүректің осындай тазалығы.

● КӨРМЕ



Суретті түсірген Саят ҚҰСАЙЫНОВ.

«ҒАСЫРЛАР ҮНІ»

ұлттық болмыс пен ел тарихы

Алматы музейінде Қазақстан Республикасы Суретшілер одағының мүшесі, мүсінші Болат Құсайыновтың шығармашылық көрмесі ашылды.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Көрмеге қола мен ағаштан жасалған 30-ға жуық туынды қойылған. «Пара-су» орденінің иегері, Халықаралық «Тұран» сыйлығының иегері Болат Құсайынов республика аумағында және одан тыс жерлерде көптеген ескерткіштің авторы.

«2024 жылды Болат Құсайыновтың осы көрмесімен ашуды жөн көрдік. Көрмедегі туындылар қазақ халқының бүкіл өмірін көз алдыңызға елестетеді. Болат – қоладан құйып, мүсінге жан бітірген адам», – дейді Алматы музейінің

жетекшісі Бакберген Жақсылықұлы.

Автордың шығармашылық қызметінде жасаған бейнелерінде ұлттық болмыс пен тарих бейнеленген. Көрмеге қойылған «Таңба» жұмысынан басталып, «Тәуелсіздік» композициясымен аяқталатын «Жер-Ана», «Зов», «Жер иесі», «Тәуелсіздік» атты мүсіндері тұтас бір халықтың өмірін баяндайды. Көрмеде сонымен қатар, қоладан жасалған «Ғашықтар» композициясы, ағаштан жасалған «Фламинго» және «Қос жүрек» романтикалық мүсіндері ұсынылған. Шебердің әр туындысы көркемдік-техникалық орындауымен таңқалдырады.



«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне 2024 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2024 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін)

1 айға – 536,12 теңге, 3 айға – 1608,36 теңге, 6 айға – 3216,72 теңге, 10 айға – 5361,2 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)

1 айға – 736,12 теңге, 3 айға – 2208,36 теңге, 6 айға – 4416,72 теңге, 10 айға – 7361,2 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)

1 айға – 336,12 теңге, 3 айға – 1008,36 теңге, 6 айға – 2016,72 теңге, 10 айға – 3361,2 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Құрметті оқырмандар!

«Алматы ақшамы» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді Post.kz сайты арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде рәсімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Алматы ақшамы» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте рәсімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет. Жазылу индекстері мен жазылу құны «Алматы ақшамы» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең. Газет Post.kz-пен рәсімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет 24/7 қолжетімді.

БӘРЕКЕЛДІ!

АЛМАТЫЛЫҚ ОҚУШЫЛАР

Үндістанда өткен робототехника чемпионатынан жүлделі оралды



Рая
ЕСКЕНДІР

Ағымдағы жылғы 25–28 қаңтар аралығында Үндістанның Гоа қаласында робототехникадан өткен «The Goa International Robotics Festival» халықаралық ашық чемпионатында әлемнің түрлі мемлекетінен 220 команда бақ сынасқан еді. Олардың қатарында Қазақстанның намысын қорғауға Екібастұз, Құлсары, Алматы және Астана қалаларынан барған оқушылар да бар.

Гоа қаласында өткен жас өнер-тапқыштар бәйгесіне қатысу мүмкіндігіне Қазақстанның атынан қатысқан барлық оқушылар Оқу-ағарту министрлігінің және Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен өткен «Almaty Tech Cup» республикалық турнирінде жеңіп алған болатын.

Үш күн бойы жарыс көрігін қыздырған Алматы қаласының «Sana team» және «Qazaq style» құрама командалары ең жоғары екі бірдей наградамен марапатталды.

Жарыс шартына сай 12 жасан 18 жасқа дейінгі FIRST Tech Challenge санаты бойынша:

– 1-орынды «Motivate award» – Sana Team командасы, Алматы қаласының Білім Инновация Лицейі (БИЛ);

– 1-орын «Inspire award» – «Qazaq style» құрама командасы жеңіп алды.

Бұл командалардың құрамы Алматы қаласының №124 ЖББМ, №81 мектеп-гимназия, №178 мамандандырылған лицей, №206



мектеп-гимназия, №200 мектеп-гимназия оқушыларынан құралған.

– Біздің командаларымыз жарысқа қатысу тәжірибесінің аздығына қарамастан, өте жоғары кәсіби деңгейін байқатты. Елімізде өтетін жарысқа шетелдік командаларды шақыру

үшін үлкен жұмыс атқарылды. Осылайша ақпан айында Астанада өтетін Орталық Азия ойындарына Үндістан мен Шри-Ланкадан бірнеше команда қатысатын болды, – дейді «Алматы дарыны» орталығының бөлім басшысы Жанна Алмұсаева.

КОНКУРС

Алматы қаласы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы, 050040, Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 303, 321-кабинет, анықтама үшін телефон: 390-20-44, Алматы қаласы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қалалық ветеринарлық қызметі» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының басшысы лауазымының бос орнына орналасуға конкурс жариялайды, заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Алматы ауданы, Төле би көшесі, 155.

Кәсіпорын қызметінің мәні ветеринария саласындағы жұмыстарды орындау және жануарлардың аса қауіпті және энзоотиялық ауруларына қарсы ветеринариялық іс-шаралар өткізу болып табылады.

Конкурс қатысушыларына қойылатын талаптар: кәсіпорындағы экономика және менеджмент және/немесе құқықтану және/немесе өсімдік шаруашылығы және/немесе мал шаруашылығы және/немесе ветеринария бағыттары және басшылық лауазымдарында кемінде 5 жыл жұмыс өтілі бойынша жоғары білім (және/немесе бакалавр, магистратура, PhD философиясының докторы, бағыт бойынша доктор).

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясын; Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексін; Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі «Ветеринария туралы» Заңын; Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын; Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» Заңын; Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңын және аталған кәсіпорын қызметінің саласындағы нормативтік құқықтық актілерді білуі.

Конкурсқа қатысуға келесі тұлғалар қабылданбайды:

- 1) он сегіз жасан төмен тұлғалар;
- 2) бұрын сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған тұлғалар;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген тәртіпте өтелмеген немесе соттылығы алынбаған тұлғалар;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге де жағдайлар.

Конкурсқа қатысу үшін ұсынуға қажетті құжаттардың тізбесі:

- 1) конкурсқа қатысуға берілетін өтініш;
 - 2) мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түйіндеме;
 - 3) білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
 - 4) еңбек кітапшасының (бар болған жағдайда) немесе еңбек шартының көшірмесі, не соңғы жұмыс орнынан берілетін жұмысқа қабылдау және еңбек шартының тоқтатылуы туралы бұйрықтардың үзінділері;
 - 5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы №ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №21579 болып тіркелген) №075/у нысанындағы «Медициналық (дәрігерлік) кәсіптік-кеңес қорытындысы» анықтама.
- Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс өтіліне, кәсіби дайындық деңгейіне қатысты қосымша ақпарат (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежесі мен атақтары, ғылыми жарияланымдары, сондай-ақ бұрынғы жұмыс орнынан берілген басшының ұсынымы туралы құжаттардың көшірмелерін) бере алады.
- Конкурсқа қатысу үшін құжаттар қабылдау бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған сәттен бастап, 15 күнтізбелік күн ішінде жүргізіледі.
- Әңгімелесу өткізу күні туралы конкурс қатысушылары қосымша хабарланатын болады.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына: +7 707 862 30 08 телефондары арқылы хабарласыңыз

Almaty
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 412

Кезекші редактор –
Рая ЕСКЕНДІР

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортндағы жолаушыларға қолжетімді.



ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

Осы айда «Үркердің аууы», «Ақпан», «Бөрі сырғақ», «Үт», т.б. амалдар бар. Бұлардың әрқайсысы өз мінезін көрсетіп, аязы мен жел-дауылын бірге ала келеді. Ауа райы жиі құбылып тұр. Бір күн қар жауады, ертесіне ауа райы күрт өзгеріп жылынады, қар ериді, ал келесі күні аяз болып, көктайғақ көрініс береді.

Сәрсенбек
БЕКМҰРАТУЛЫ

БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

Хайуанаттар айтса,
қалт айтпайды

- * Тышқан биікке шығып шықылдаса, ұзамай қар жауады.
- * Торғайлар ұясына мамық таси бастаса, күн кенеттен қатты суытады.
- * Қаз қаңқылдаса, күн жылы болады.
- * Тиін ұясын төмен жерге салса, қыс қатты болады, жоғары жерге салса, жылы болады.
- * Киік басқа жаққа ауа көшсе, ұзамай қатты боран соғады.

«ҮШТІҢ АЙЫ – КҮШТІҢ АЙЫ»

Ақпанды бабаларымыз осылай деп атаған. Ашуы мол, айбыны зор, асау ай...

Қала тұрғындары қыс түскелі бері биылғы қантар айындағыдай қатты азап шекпеген шығар. Қалың жауған қардан автокөлік тұрмақ, жаяу жүргіншінің өзі омбылап, жүре алмай қиналды. Қылаулаған қардың соңы көктайғаққа ұласты. Ол аз дегендей, қалың қарға қосымша жер сілкінісі орын алды. Түн ортасында болған тосын оқиға мамыражай күй кешіп думандатып жатқан алматылықтарды әпсәтте жанталас шаққа жеткізді. Алып шаһарды дүр сілкіндірген дүрбелең

жауапты тиісті органдардың кеңес-көмегі нәтижесінде сабасына түсті...

Айдың 4-інен 5-іне караған түні «Үркер» ауады. Сол сәттен бастап қыстың 40 күндік шілдесі бітіп, жылылыққа бетбұрыс жасалады. Бірақ күн бірден бітіп, көктем шығып кепейді. Атақты «Ақпан» амалы бар. Ол айдың 10-ынан 15-іне дейін жалғасады. Оның «жылқышы», «ақ құрық» деген жанама аттары да бар. «Ақпан келді, жылқышы кірді, жылқышының өкпесі қатты болады, оны ренжітіп алмайық» деп,

жылқышының сыбағасы ретінде кәрі жілік асып, қонақ қылатын болған. Осылайша «жылқышы» деп аталса керек. Жылқышының құрығына қатқан қырауға қарап «ақ құрық» деген атау берілген.

«Ақпан-тақпан алты күн,
Аяздатқан қатты күн...».

Немесе:

«Ақпан-тақпан алты күн,
Айғайлап соқса жеті күн...»;
«Бойшаң қызда боғақ қалды,
бойлы тоқтыда құйрық қалды», –

деген сол кезден жеткен мақал-мәтелдер ақпан амалының адуынды мінезін аңғартса керек. Амал кезінде «жылқы сауырынан, сиыр бауырынан» деп жылқыны жабулап, сиырдың астына көң төгетін болған. Осы уақыт жыл ішіндегі ең суық, аязы қатты кез саналған. Қыстың шілдесі біткенімен, қытымыр күндер әлі алда. Қар қыламықтағанын тоқтатпайды. Аяздың бұрынғыдан да күшеюі мүмкін. Аптыға, асыға жеткен ақпанның ашу мінезін, асау қылығын көрсетугі тіпті де ғажап емес.

САУАЛНАМА

СЫРҒАНАҚ ТЕБУГЕ БАРДЫҢЫЗ БА?

Әсет ЧЕТЫКБАЕВ,
банк қызметкері:ТЕГІН МҰЗ АЙДЫНДАРЫН
КӨБЕЙТСЕ...

Қыста тұрақты түрде Шымбұлаққа барамын. Тау шаңғысы ұнайды. Бірақ бағасы тым қымбат. Тамақ, жалға шаңғы алу, қанатты жолмен көтеріліп-түсу, т.б. Одан бөлек, қала ішіндегі коньки алаңдарына барып тұрамын. Жалпы, біздің қалада қыста демалу үшін барлық жағдай жасалған. Бірақ толыққанды емес деп ойлаймын. Мысалы, Шымбұлақтағы бағаның қымбаттығынан алматылықтардың көпшілігі Қырғызстандағы «Қаракөл» тау-шаңғы базасында демалғанды жөн көреді. Тіптен, бұл жақтың кейбір аудандарында тегін мұз алаңдары да бар көрінеді. Осындай мұз айдындарын көбейтсе деген тілек бар.

Раушан ИМАНҒАЛИЕВА,
брокер:КАУШПІЗДІК ТЕ
ЕСКЕРІЛГЕНІ ЖӨН

Қар қалың түссе, Алматының маңы түрленіп шыға келеді. Әр жыл сайын дәстүрлі түрде қыста сырғанаққа барып тұрамын. Достарыммен, туған-туыстарыммен. Ара-тұра тау жағалап кетеміз де. Әсіресе, Талғар

Жылдың төрт мезгілі бар десек, әр мезгілдің өзіндік ерекшелігі, сейіл-серуені бар. Жаз кезінде адамдар суға шомылып, күнге күйдіріп, қыста қардан аққала жасап, шаңғы, сырғанақ тебуге дайын тұрады. Мектеп оқушылары, студенттер шанасы мен шаңғысын сүйретіп, қаладағы мұз айдындарының тамырына қан жүгіртіп тұр. Осы орайда қыстың қызығын білу мақсатымен «Ақшамның» оқырмандарын сөзге тартқан едік.

шатқалы, Қаскелең асуларына барамыз. Өткен демалыс күндері отбасыммен Қаскелеңге сырғанақ тебуге бардық. Байқағаным, бұл жерде қауіпсіздік мәселелері, алдын ала медициналық көмек көрсету шаралары мүлдем ескерілмеген. Қала тұрғындары өз беттерімен бірі балонмен, бірі шанамен, енді бірі тактайға отырып сырғанап жатады. Осындайда оқыс жағдайлар орын алса, алғашқы көмек көрсететін медициналық пункттер жоқ.

Динара КҮШІМОВА,
үй шаруасындағы ана:БАЛАЛАРЫМДЫ ОЙНАТҚАН
БОЛЫП, ӨЗІМ ОЙНАП
АЛАМЫН

Қыс – мен үшін келмеске кеткен балалықтың естелігіндей. Әр жылы даланы аппақ қар басқанда еріксіз шананы «ерттеп» мініп сырғанамаймын. Өз балаларымды ойнатқан болып, өзім ойнап аламын. «Балалық мен сені шақырғанда, келмедің сағынғанда...» деп қоямын арасында. Қыс келсе, сол аппақ қарда қалған кіршіксіз пәк сезіммен қайта қауышамын. Уақыттың әміріне құлдық ұрып жүргенде, арнайы сырғанаққа баруға уақыт таба алмаймыз. Десе де, өзіміз таудың ортасында тұрғандықтан есіктің алдындағы төмпешіктер сырғанақ тебуге, қар атысып ойнауға керемет жарап тұр. Екі баламды бір шанаға мінгестіріп, жолдасым екеуіміз таласа сүйрейміз. Бетіміз балбұл жанып, аузымыздан будақтаған түтін шығарып паравоз боламыз. Қыстың

аязы тоңдырғанымен, аппақ қары жылытады. Менің жанымға жағады. Өмірдің өзі осындай ғой. Қыстың суығы ұрғанмен, кейбір тамаша оқиғаларымен қайта жібітіп алады.

Ержан ЖҮРСІНҰЛЫ,
тепловоз машинисі:

ЕРЕКШЕ ЖАҚСЫ КӨРЕМІН

Өз басым төрт мезгілдің төресі – қаһарлы қысты ұнатамын. Қылышын сүйреп қыс келгенде, айнала ақ көрпе жамылып, ауа тазарып, табиғат көркейіп кетеді. Әсіресе, қыс мезгілін табиғатта, таза ауада өткізгенді қалаймын. Әр жыл сайын, мүмкіндігінше, қыстауға, таулы аймаққа шығамын. Әр аптаның демалысында Алатаудың баурайындағы Медеу шатқалына серуендеп шығуды жаным сүйеді. Медеуге тек мұз айдынында коньки тебумен ғана шектелмей, таудан шана, шаңғымен сырғанап, қайың мен шырша тоғайларын аралап, бар тынысыңмен таудың ауасын жұту үшін барамын. Содан кейін достарыммен Қаскелеңнің ар жағы, Үшқоңыр жақтағы тауға барамыз. Ел ішінде бұл жерді «Санта-Барбара» дейді.

Мейіржан БЕКЕНОВ,
қала тұрғыны:МАҚСАТЫМ – КОНЬКИДІ
КӘСІБИ ТҮРДЕ ТЕБУ

Сырғанаққа екі рет барып үлгердім. Достарыммен екі аптада бір рет, жексенбі күні Медеуде кездесіп тұрамыз деп шештік. Кешкі уақытта барсаң бұл жердің ауа райы да,



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

табиғаты да тамаша. Өзімізбен бірге термоспен ыстық шәй, біраз бәліш және керемет көңіл күй алып барамыз. Жиі кездесіп тұратындықтан конькиді сатып алған тиімді екен. Тек Медеуге кіргенің үшін ғана ақша төлейсің.

Салауатты өмір салтын ұстанамын деушілерге Алматының төрт мезгілінің де табиғаты өте қолайлы. Орыстардың «Звезды на льду» деген бағдарламасын сүйіп қарайтынмын. Солар сияқты, конькиді кәсіби түрде меңгеруді мақсат етіп қойдым. Сол үшін қыстың керемет ауа райын барынша пайдаланып калуды ойлап жүрмін.

ӘЛІБЕК,
мектеп оқушысы:

КЕРЕМЕТ ӘСЕР СЫЙЛАЙДЫ

Қыстың қызығы – сырғанақта. Сырғанақтың төбесінен етегіне дейін бір сәтте құйындай жүйткіп өту керемет әсер сыйлайды. Оның үстіне күн де қатты суық емес. Кешке дейін ойнасақ та, тоңбаймыз. Таза ауада ойнаудың денсаулыққа пайдалы екенін білеміз. Әрі қызықты да. Компьютерлік түрлі ойындардың қызығы далада достарыңмен ойнағандай болмайды.

Сауалнаманы жүргізген
Мәншүк БЕКБОСЫН.